3) хабарламаны (хабархатты) тиісінше жеткізу фактісін тіркеп-бекітуге (куәландыруға) мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен жіберілген жағдайларда тиісті түрде жеткізілген және анық болып есептеледі;

4) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен электрондық салық төлеушілер ретінде тіркелген тұлғаларға мемлекеттік кіріс органы электрондық тәсілмен хабардар етуді (хабарламаны) жіберген жағдайларда тиісінше жеткізілді деп танылады.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу жүзеге асырылатын адам өзі көрсеткен тұрғылықты жері (тұрған жері) мекенжайының, жұмыс орнының, ұялы байланыстың абоненттік нөмірінің, электрондық мекенжайының дұрыс екендігімен танысқанын өзінің қол қоюымен растайды, ал көрсетілген мекенжайларға жіберілген хабарлама (хабархат) тиісінше және жеткілікті деп есептелетін болады.

Өзіне қатысты іс қозғалған адамға, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізудің өзге де қатысушыларына ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша мәтіндік хабарлама арқылы сотқа келу туралы хабардар етуді алуға келісімі туралы талон беріледі, шығыстар олардың өз есебінен төленеді.

Талонның үзілетін бөлігі әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесімен бірге беріледі.

Адресат хабарламаны (хабархатты) қабылдаудан бас тартқан кезде, оны жеткізетін немесе тапсыратын адам сотқа, органға (лауазымды адамға) қайтарылатын хабарламаға (хабархатқа) тиісті белгі соғады.

Адресаттың хабарламаны (хабархатты) қабылдаудан бас тартуы істі қарауға немесе жекелеген процестік әрекеттерді жасауға кедергі болып табылмайды.

15.2 Әкімшілік іс жүргізу кезеңдері.

Әкімшілік процеске қатысушылардың қызметі уақыт өте келе құқықтар мен өзара міндеттерді іске асыру бойынша өзара байланысты процестік әрекеттердің бірізді қатары ретінде дамиды. Процесс дамудың бірнеше кезеңдерінен немесе сатыларынан өтеді.

Кезеңді іс жүргізудің, жалпы міндеттермен қатар, өзіне ғана тән міндеттерге ие салыстырмалы түрде тәуелсіз бөлігі деп түсіну керек.

Бір кезең процеске қатысушылардың басқа тобынан, әртүрлі әрекеттерді жасаудан, осы кезеңде қорытындылайтын арнайы процестік құжаттарды рәсімдеуден ерекшеленеді. Сонымен қатар әрбір кезеңнің дербестігіне қарамастан, олар әкімшілік процестің жалпы міндетін шешуге бағынады және бір-бірімен тығыз байланысты: әрбір келесі кезең алдыңғы кезең аяқталғаннан кейін ғана басталады; жаңа кезеңде бұрын не жасалғаны тексеріледі.

Әкімшілік іс жүргізулердің әрқайсысы негізінен 4 кезеңге бөлінеді. Мысалы, азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары бойынша іс жүргізу:

1. органға (мекемеге) келіп түскен жазбаша ұсыныстарды, арыздарды, шағымдарды тіркеу немесе құзыретті лауазымды адамның ауызша шағымдарды тыңдауы;

2. шағымда баяндалған фактілер мен мән-жайларды тексеру;

3. шағым бойынша шешім қабылдау және қабылданған шешім туралы арыз иесіне хабарлау;

4. қабылданған шешімді орындау бойынша іс-әрекеттер кезеңдерінен тұрады.

Әкімшілік іс жүргізу жүйесіндегі ең маңыздысы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді келесідей сұлбалық түрде көрсетуге де болады:

1. Істі қозғау және тергеу (ҚР ӘҚБтК-нің 41-тарауы)

2. Істі қарау (ҚР ӘҚБтК-нің 43-тарауы)

3. Іс бойынша қаулыны қайта қарау

(ҚР ӘҚБтК-нің 44-47 тараулары)

4. Қаулыны орындау (ҚР ӘҚБтК-нің 51-52 тараулары)

Кез келген іс жүргізу қызметіне сатылық белгі тән.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезеңі – заңмен белгіленген уәкілетті адамдар дәйекті түрде жасайтын іс жүргізу әрекеттерінен тұратын, жиынтығында тиісті құқық қолдану актісімен ресімделетін бірыңғай мақсатқа қол жеткізуге және түпкілікті нәтиже алуға бағытталған іс жүргізудің дербес бөлігі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау

Бұл кезеңде әкімшілік құқық бұзушылық фактісі анықталады. ҚР ӘҚБтК-нің 802-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға:

- 1) осы баптың үшінші бөлігінің ережелерін ескере отырып, әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін уәкілетті лауазымды адамның тікелей анықтауы;

- 2) құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан келіп түскен материалдар;

3) жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе мәлімдемелері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;

4) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарының, сондай-ақ сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен бақылау аспаптарының көрсеткіштері, оның ішінде автоматты режимде жұмыс істейтін және жолдағы жағдайды фото-, бейнетүсірілім арқылы, көлік құралының жүру жылдамдығы мен бағытын, жол жүрісіне басқа да қатысушылардың іс-қимылдарын айқындау арқылы автомобиль көлігі және жол жүрісі қауіпсіздігі саласында әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуын тіркейтін бақылау аспаптарының көрсеткіштері;

5) бақылау-өлшеу аппаратурасының және (немесе) радиотехникалық бақылау құралдарының көрсеткіштері себептер болып табылады.

Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын, ҚР ӘҚБтК-нің 741-бабында көзделген мән-жайлар болмаған кезде, әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен жүргізілген тексерудің нәтижесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 137-бабы 3-тармағының 3-бөлігінде көзделген жағдайларда бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижесі бақылау және қадағалау субъектісіне қатысты бапты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіздер болып табылады.

Бұл іс-әрекет Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 129-бабының 4 және 5-тармақтарында және 140-бабының 3 және 5-тармақтарында көзделген салаларда, сондай-ақ респонденттерге бармай профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік статистика саласында бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларға қолданылмайды.

ҚР ӘҚБтК-нің 785-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы бірінші хаттама жасалған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған немесе прокурор әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөнінде қаулы шығарған, сондай-ақ судья (сот) сот талқылауы барысында процеске қатысушы тұлғаның тарапынан сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісінің анықталғаны туралы жариялаған кезден бастап әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған деп есептеледі. Егер әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптары тіркелсе, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс ҚР ӘҚБтК-нің 743-бабында көзделген тәртіппен айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама жіберілген кезден бастап қозғалған деп есептеледі, ал істерді мемлекеттік кіріс органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

хабарлама (хабархат) тиісті түрде жеткізілген кезден бастап қозғалған деп есептеледі.

Құқық қорғау органдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың қоғамдық бірлестіктерінің материалдары, хабарламалары, арыздары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалары болған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудан бас тартылған жағдайда, көрсетілген материалдарды, хабарламаларды, арыздарды қараған лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудан бас тарту туралы уәжді ұйғарым шығарады.

Әкімшілік құқық бұзушылық фактісі:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада (ҚР ӘҚБтК 802-б. 4-т.);

2) не әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы прокурордың қаулысында (ҚР ӘҚБтК 802-б. 4-т.) тіркеледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама не прокурордың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы қаулысы іс материалдарымен бірге судьяның қарауына, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілеттік берілген органға, лауазымды адамға жіберіледі.

Істі қарау сатысына келесі кезеңдер кіреді:

1) істі қарауға дайындау;

2) істі тікелей қарау және қаулы шығару;

3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау туралы қаулыны мүдделі адамдардың назарына жеткізу.

Сот істі, шағымды, наразылықты қарауға кіріскенде:

1) істі кім қарайтынын, қандай іс, шағым, наразылық қаралуға жататынын, кім және ҚР ӘҚБтК-нің қандай бабының негізінде жауаптылыққа тартылатынын хабарлайды, іс жүргізу тілін айқындайды;

2) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның немесе оның өкілінің, сондай-ақ істі, шағымды, наразылықты қарауға қатысатын өзге де тұлғалардың келгеніне көз жеткізеді;

3) іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және тұлғалардың заңды өкілдерінің, қорғаушының өкілеттіктерін тексереді;

4) іс жүргізуге қатысушылардың келмеу себептерін анықтайды және аталған адамдар болмағанда істі, шағымды, наразылықты қарау туралы не істі, шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

5) қажет болған жағдайларда істі, шағымды, наразылықты қарау кезінде қатысуы міндетті болып табылатын адамды күштеп әкелу туралы ұйғарым шығарады, аудармашыны тағайындайды;

6) істі қарауға қатысатын адамдарға осы Кодексте көзделген олардың құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тегін заң көмегін алу құқығын түсіндіреді;

7) мәлімделген бас тартуларды және өтінішхаттарды шешеді;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, шағымды, наразылықты, ал қажет болған кезде істің өзге де материалдарын жария етеді;

9) өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның түсініктемелерін, іс жүргізуге қатысатын басқа да адамдардың айғақтарын, маманның түсіндірмесін және сарапшының қорытындысын тыңдайды, өзге де дәлелдемелерді зерттейді, ал істі, шағымды, наразылықты қарауға прокурор қатысқан жағдайда оның қорытындысын тыңдайды;

10) істі, шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыру туралы ұйғарымды: егер судьяға қарсылық білдіру істі, шағымды, наразылықты мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, оның өздігінен бас тартуы немесе оған қарсылық білдіру туралы мәлімдеуіне; егер қорғаушының, уәкілетті өкілдің, сарапшының немесе аудармашының қарсылық білдіруі істі, шағымды, наразылықты мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, олардың қарсылық білдіруіне; істі, шағымды, наразылықты қарауға қатысатын адамдардың келуі немесе іс, шағым, наразылық бойынша қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажеттігіне байланысты, сондай-ақ ҚР ӘҚБтК-нің 51-бабы 2-бөлігінде көзделген жағдайларда шығарады. Қажет болған жағдайда сот сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығарады;

11) істі, шағымды, наразылықты қарау мерзімін ұзарту, тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарады;

12) ҚР ӘҚБтК-нің 829-9-бабында көзделген жағдайларда істі мәні бойынша қарауға беру туралы ұйғарым шығарады.

Істі, шағымды, наразылықты қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қозғалуының, істе бар және қосымша ұсынылған материалдар бойынша шығарылған қаулылардың заңдылығы мен негізділігі тексеріледі. Сот істің, шағымның, наразылықтың дәлелдерімен және мән-жайларымен байланысты емес және істі толық көлемде тексереді, бұл ретте ол жаңа фактілерді анықтауға және жаңа дәлелдемелерді зерделеуге құқылы.

Сот шақырылған адамдардың келмеуіне, іс бойынша қосымша материалдарды талап етіп алдыруына, сараптама тағайындауға байланысты және істі, шағымды, наразылықты толық, жан-жақты және әділ қарау үшін қажет болатын басқа да жағдайларда істі, шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыруы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулылар мен шешімдерді қайта қарау

Бұл кезең міндетті емес, өйткені оның бастамасы шағым беруге немесе наразылық білдіруге құқығы бар адамдарға байланысты. Алайда, бұл өте маңызды, өйткені осы кезеңде қабылданған процестік актілердің заңдылығы мен негізділігі тексеріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды күшіне енбеген қаулы мен шешімге шағым жасауға:

- 1) өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам;
- 2) жәбірленуші;
- 3) жеке тұлғаның заңды өкілдері;
- 4) заңды тұлғаның заңды өкілдері;
- 5) қорғаушы және өкіл;
- 6) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға уәкілетті лауазымды адам құқылы;
- 7) прокурор наразылық беруге құқылы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды күшіне енбеген қаулы мен шешімге:

- 1) судья шығарған – жоғары тұрған сотқа;
- 2) алқалы орган шығарған – алқалы органның орналасқан жері бойынша аудандық сотқа;
- 3) лауазымды адам шығарған – жоғары тұрған органға, жоғары тұрған лауазымды адамға не іс қаралатын жердегі аудандық сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулылар мен шешімдерді қайта қарау сатысының қорытындылары бойынша:

- 1) шешім *(заңды күшіне енбеген қаулылар мен шешімдер қайта қаралған жағдайда)*;
- 2) қаулы *(заңды күшіне енген қаулылар мен шешімдер қайта қаралған жағдайда)* процестік құжаттары шығарылады.

Әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулыларды орындау

ҚР ӘҚБтК-нің 51-тарауы осы Кодексте көзделген әкімшілік жазаларды қандай уәкілетті органдар, қандай тәртіппен және қандай мерзімдерде орындайтыны айқындалған жазалардың жекелеген түрлерін орындау тәртібін реттейді.

Әкімшілік жазаны орындау сатысы, егер:

- 1) белгілі бір әрекеттер жасалса (мысалы, ескерту түрінде жаза тағайындау туралы қаулы немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамның айыппұлды ерікті түрде төлеуі және т.б.);
- 2) іс жүргізу құжаттары шығарылса (мысалы, сот приставының орындаушының айыппұл сомасын мәжбүрлеп өндіріп алудың аяқталуына байланысты атқарушылық іс жүргізуді тоқтату туралы қаулысы және т.б.) аяқталады.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы уәкілетті органдар осы Кодексте белгіленген тәртіппен орындауға келтіреді.

Бір адамға қатысты бірнеше әкімшілік жазалар қолдану туралы қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама шығарылған жағдайда, әрбір қаулы, нұсқама дербес орындауға келтіріледі.

Тұлғаның әкімшілік жазадан жалтаруы, бұл жазаны заңнамаға сәйкес мәжбүрлеу тәртібімен орындауға әкеп соғады.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы ресімдеген органға осы қаулыны, нұсқаманы орындауға байланысты мәселелерді шешу және оның орындалуын бақылау жүктеледі.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың орындалуын кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту, тоқтата тұру немесе тоқтату туралы, сондай-ақ кәмелетке толмаған адамға салынған айыппұлды оның ата-анасынан немесе оларды алмастыратын адамдардан өндіріп алу туралы мәселелерді қаулы шығарған, нұсқаманы ресімдеген судья, орган (лауазымды адам) тиісті мәселені шешу үшін негіз пайда болған күннен бастап үш күндік мерзімде қарайды.

Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мәселелердің шешілуіне мүдделі тұлғаларға олардың қаралатын орны мен уақыты туралы хабарланады. Бұл ретте, мүдделі тұлғалардың дәлелсіз себептермен келмеуі тиісті мәселелерді шешу үшін кедергі болып табылмайды. Әкімшілік қамаққа алуды өтеуден жалтару туралы мәселені қарау кезінде әкімшілік қамаққа алынған адамның қатысуы міндетті болып табылады.

Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қаулы түрінде қабылданады.

Қаулының көшірмесі өзіне қатысты қаулы шығарылған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ өзінің өтініші бойынша жәбірленушіге қолхатпен дереу тапсырылады. Аталған тұлғалар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі, бұл жөнінде істе тиісті жазба жүргізіледі.

15.3 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылардың құқықтық жағдайы.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адам, жәбірленуші, жеке (заңды) тұлғаның заңды өкілдері, қорғаушы, куәгер, куә, маман, сарапшы, аудармашы, прокурор әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылар болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қатысуымен қаралады. Көрсетілген адам болмаған жағдайда іс тек істің қаралатын орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғаны туралы деректер болған және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспегенде ғана қаралуы мүмкін.

Әкімшілік жауапкершілікке тартылған адам және куә іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс болатын ішкі істер органының (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуден жалтарған жағдайда, олар ішкі істер органы (лауазымды адамы) ұйғарымының негізінде ішкі істер органының (полицияның) күштеп алып келуіне тартылуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жәбірленушінің қатысуымен қаралады. Ол болмаған жағдайда іс тек істің қаралатын орны мен уақыты

тиісті түрде хабарланғаны туралы деректер болған және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспеген жағдайларда ғана қаралуы мүмкін.

Жәбірленушіден куә ретінде жауап алынуы мүмкін. Егер жәбірленуші заңды тұлға болса, оның заңды өкілінен куә ретінде жауап алынуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған не денсаулығына немесе психикалық жай-күйіне байланысты өз құқықтарын дербес жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылған өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаның немесе жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды олардың заңды өкілдері жүзеге асырады.

Жеке тұлғаның ата-анасы, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары және олардың қорғаншылығында немесе асырауында болатын өзге де адамдар заңды өкілдер болып танылады.

Жеке тұлғаның заңды өкілдері болып табылатын адамдардың туысқандық байланыстары немесе тиісті өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттармен (жеке куәлігі, баланың тууы туралы куәлік, соттың бала асырап алу туралы шешімі, қорғаншылық пен қамқоршылық органының қорғаншы немесе қамқоршы ретінде тағайындау туралы шешімі) куәландырылады.

Он сегіз жасқа толмаған адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде оның заңды өкілінің қатысуы міндетті. Кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі келуден жалтарған жағдайда оған қатысты ішкі істер органының (полицияның) күштеп алып келуі қолданылуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қорғаушының қатысуы мынадай жағдайларда міндетті болады:

1) әкімшілік жауапкершілікке тартылатын адам ол туралы өтініш жасаса;

2) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам денсаулығына байланысты немесе психикалық кемістіктері салдарынан өзінің қорғану құқығын дербес жүзеге асыра алмайтын болса;

3) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам іс жүргізіліп отырған тілді білмесе;

4) іс материалдарында әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары тағайындалуы мүмкін деп пайымдауға мүмкіндік беретін деректер болса.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам іс бойынша істің кез келген сәтінде қорғаушыдан бас тартуға құқылы, бұл оның өзін қорғауды дербес жүзеге асыра алатындығын білдіреді. Заң көмегіне төлем жасауға қаражатының болмауына байланысты қорғаушыдан бас тарту қабылданбайды. Бас тарту жазбаша түрде ресімделеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша куә ретінде осы іс үшін маңызы бар мән-жайларды білетін кез келген адам шақырылуы мүмкін.

Куә:

1) өзіне, жұбайына (зайыбына) немесе жақын туысқандарына қарсы айғақтар беруден бас тартуға;

2) өзі берген айғақтардың тиісті хаттамаға енгізілуінің дұрыстығы жөнінде мәлімдемелер мен ескертулер жасауға;

3) істі қарау кезінде ана тілінде сөйлеуге;

4) аудармашының тегін көмегін пайдалануға құқылы.

Куә әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органға (лауазымды адамға) айғақтар беруден жалтарғаны немесе бас тартқаны, көрінеу жалған айғақтар бергені үшін әкімшілік жауаптылық туралы және сотта осы әрекеттерді жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы ескертіледі.

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмаған куәдан жауап алу кезінде педагогтың немесе психологтың қатысуы міндетті. Қажет болған жағдайда жауап алу мұндай куәның заңды өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге маман ретінде қатысуға дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ техникалық құралдарды пайдалануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі мен дағдылары бар, істің қорытындысына мүдделі емес кез келген кәмелетке толған адам тағайындалуы мүмкін.

Сарапшы ретінде арнаулы ғылыми білімі бар, іске мүдделі емес адам шақырылуы мүмкін. Сараптама жасау тапсырылуы мүмкін адамға қойылатын өзге де талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

Сарапшы ретіндегі адам өзінің арнаулы білімінің шегінен шығатын мәселелер бойынша, сондай-ақ ұсынылған материалдар қорытынды беру үшін жеткіліксіз болса, қорытынды жасаудан бас тартуға, істің сараптамалық мәніне қатысты материалдарымен танысуға және өзіне қорытынды жасауға қажетті қосымша материалдарды ұсыну туралы өтініш жасауға құқылы.

15.4 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдер.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі, шағымды, наразылықты қарап, сот мынадай қаулылардың бірін шығарады:

1) әкімшілік жаза қолдану туралы;

2) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы;

3) қаулыны, нұсқаманы – өзгеріссіз, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы;

4) қаулыны өзгерту туралы;

5) қаулының, нұсқаманың күшін жою және істі тоқтату туралы;

6) қаулының, нұсқаманың күшін жою және іс бойынша жаңа қаулы шығару туралы.

Қаулы заңды және негізді болуға тиіс.

Көлік құралының жүргізушісін жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберген кезде жол жүрісі қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулы шығарылады, оның көшірмесі емтихан тапсыруға жіберілген адамға беріледі.

Азаматтық және қызметтік қарудың иесін және (немесе) пайдаланушысын азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберу кезінде азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулы шығарылады, оның көшірмесі емтихан тапсыруға жіберілетін адамға беріледі.

Қаулыда ҚР ӘҚБтК-нің 54-бабының негізінде құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленуі мүмкін.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы мынадай жағдайларда шығарылады:

1) ҚР ӘҚБтК-нің 741-бабында көзделген іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болған жағдайларда;

2) ҚР ӘҚБтК-нің 742-бабында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлар болған жағдайларда;

3) ҚР ӘҚБтК-нің 32-бабына сәйкес адамды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін іс материалдарын тиісті органдарға берген жағдайларда.

Істі, шағымды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша шығарылған қаулы жазбаша ресімделеді және оған осындай қаулыны шығарған судья қол қояды не осындай қаулыны шығарған судьяның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімделеді.

16 ТАРАУ «ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУДІ ҚОЗҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ»

16.1 Полиция қызметкерлерінің әкімшілік-юрисдикциялық қызметі функциялары мен белгілері.

Әкімшілік юрисдикцияның қорғау функциясы белгілі бір әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданыстағы заңнамада қаралған санкцияны қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Әкімшілік қадағалаудан айырмашылығы, әкімшілік юрисдикция заңсыз мінез-құлықтың даму динамикасына әсер ете алмайды, нақты құқықтық қақтығыстың алдын алады немесе жолын кеседі. Әкімшілік жаза әрдайым заңсыздық жасалғаннан кейін қолданылады және олардың жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын ала отырып, құқық бұзушының және басқа адамдардың құқықтық санасына әсер ету құқық қорғау функциясын атқарады. Сонымен қатар бұл функция әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және тиісті ұйымдар мен лауазымды адамдарға оларды жою бойынша шаралар қабылдау туралы ұсыныстар енгізу арқылы әкімшілік-юрисдикциялық қызметті жүзеге асыру процесінде іске асырылады.

Әкімшілік юрисдикцияның қорғау функциясы оның тәрбиелеу функциясымен тығыз байланысты. Соңғысы әкімшілік жаза қолдануда ғана емес, оның мақсаты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушылардың өздері де, басқа адамдар да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу болып табылады, сонымен қатар азаматтарды заңдарды сақтау рухында тәрбиелеуге бағытталған оны жүзеге асырудың арнайы ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарынан көрінеді.

Полиция қызметкерлерінің әкімшілік юрисдикциясының әлеуметтік құндылығы оның реттеушілік функциясынан көрінеді. Әкімшілік юрисдикция ішкі істер органдары қорғайтын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің өзіндік құралы болып табылады. Оның арқасында нормативтік бұйрықтар нақты құқықтық қатынастарға, субъектілердің нақты мінез-құлқына аударылады. Мәселен, әкімшілік құқық нормаларымен белгіленбеген қоғамдық орындарда спирттік ішімдіктер ішуге тыйым салынады. Тыйым салуды бұзған тұлға әкімшілік жазаға тартылуға тиіс. Бұл нормативтік бұйрықтар азаматтардың қоғамдық орындардағы мінез-құлқын реттеуге бағытталған. Алайда норманың болуы оның нұсқауынан ауытқитын мінез-құлықты жоққа шығармайды. Бұзушылық болған жағдайда құқықтық реттеу тетігіне құқық бұзушыларға және туындаған құқықтық қатынастардың басқа субъектілеріне ықпал ететін полиция қызметкерлерінің әкімшілік-юрисдикциялық қызметі кіреді (мысалы, құқық бұзушыдан салынған айыппұлды өндіріп алуға міндетті кәсіпорынның лауазымды адамдарына).

Әкімшілік қызметтің бір түрі ретінде ішкі істер органдарының әкімшілік юрисдикциясы аталған функциялардан басқа бірқатар нақты белгілермен сипатталады.

Біріншіден, оны жүзеге асырудың негізі әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

Екіншіден, ол заңмен белгіленген арнайы процестік нысандарда жүзеге асырылады.

Үшіншіден, оның нәтижесі юрисдикциялық актіні шығару болып табылады (әкімшілік жаза қолдану туралы немесе істі мемлекеттік және қоғамдық және қоғамдық органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар орындауға міндетті іс жүргізу арқылы тоқтату туралы қаулы).

Құқық қорғау қызметінің бір түрі бола отырып, әкімшілік юрисдикцияны аумақтық-салалық негізде құрылған әкімшілік юрисдикция жүйесін құрайтын көптеген мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Ішкі істер органдары әкімшілік юрисдикцияның салалық ішкі жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, оны көптеген ведомстволық бағыныстағы органдар құрайды.

Осылайша, заң бойынша полицияға қоғамдық тәртіпті және басқа да құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу міндеті ғана жүктеліп қоймай, сонымен қатар құқық бұзушыларға әкімшілік жазаларды қолдану бойынша өкілеттіктер де берілді. Ішкі істер органдарының әкімшілік-қадағалау және юрисдикциялық өкілеттіктерінің мұндай үйлесімі олардың құқық қорғау қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге арналған.

16.2 Полиция қызметкерлерінің юрисдикциясына қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің сипаттамасы.

Соттар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға құқығы бар:

1) ішкі істер органдарының оған уәкілетті лауазымды адамдарының (73, 73-1, 73-2, 73-3, 80-1 баптар (екінші, төртінші және бесінші бөліктер), 85, 100, 127, 128, 129, 130, 131, 133, 134, 149, 150, 154, 156-1 баптар (екінші және үшінші бөліктер), 160-бап (екінші бөлік), 190-бап (екінші, үшінші және төртінші бөліктер), 200, 282 баптар (үшінші және төртінші бөліктер), 381-1, 382 баптар (екінші және үшінші бөліктер), 383 -бап (үшінші және төртінші бөліктер), 395-бап (екінші бөлік), 398, 416 баптар (азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына қойылатын қауіпсіздік талаптарын, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты химиялық, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар), 423, 423-1, 427, 433 баптар (екінші бөлік), 434, 435, 436, 438 баптар (үшінші бөлік), 440-бап (үшінші бөлік), 442-бап (үшінші бөлік), 443-бап (екінші бөлік), 443-1 бап (екінші бөлік), 444-бап (бірінші бөлік), 445-бап (бірінші және он бірінші бөліктер), 446, 448, 449 баптар (екінші және үшінші бөліктер), 450-бап (екінші бөлік), 453, 461, 462, 463, 476, 477, 478, 479, 480

баптар (екінші бөлік), 481, 482, 483, 488, 489 баптар (екінші, үшінші және төртінші бөліктер), 490-бап (бірінші және үшінші бөліктер), 495-бап (екінші бөлік), 496-бап (екінші және үшінші бөліктер), 506, 510 баптар (төртінші бөлік), 512-бап (екінші бөлік), 513-бап (екінші бөлік), 514-бап (екінші бөлік), 517-бап (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктер), 590-бап (төртінші бөлік), 596-бап (үшінші бөлік), 603-бап (бірінші және екінші бөліктер), 606-бап (екінші бөлік), 607-бап (екінші бөлік), 608, 610, 611 баптар (екінші және үшінші бөліктер), 612-бап (үшінші және 4-1 бөліктер), 613-бап (үшінші, төртінші, бесінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктер), 615-бап (төртінші бөлік), 621-бап (үшінші бөлік), 654-бап (590, 591, 592, 594, 595, 596, 597, 598, 599, 600, 601, 602, 603, 606, 607, 608, 610, 611, 612, 613 баптарда көзделген құқық бұзушылықтарға қатысты), 662, 663, 665, 667, 669, 674, 675-баптар).

17 ТАРАУ «ПОЛИЦИЯНЫҢ УӘКІЛЕТТІ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУЫ»

17.1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараудың жалпы тәртібі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау ведомстволық бағыныстылығына жататын уәкілетті органның (лауазымды адамның) орналасқан жері бойынша қаралады. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның өтінішхаты бойынша іс осы адамның тұрғылықты жері бойынша немесе көлік құралдарының, кемелердің, оның ішінде шағын көлемді кемелердің есепке алынған жері бойынша қаралуы мүмкін.

ҚР ӘҚБтК-нің 333, 334, 571, 572, 590, 591, 592, 593, 594, 595, 596, 597, 598, 599, 600, 601, 602, 603, 606, 607, 608, 610, 611, 612, 613, 614, 615, 616, 617, 618, 619, 620, 621, 622, 623, 624-1, 625, 626, 627, 628, 630, 631 және 632-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер көлік құралдарын, кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді есепке алу орны бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша қаралуы мүмкін.

ҚР ӘҚБтК-нің 378, 379, 382, 383, 440 және 481-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер олардың жасалған жері бойынша немесе өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша қаралады.

Кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша қаралады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу

Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға дайындау кезінде:

- 1) аталған істі қарау өздерінің құзыретіне жата ма;
- 2) аталған істі лауазымды адамның қарау мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар бар ма;
- 3) өтінішхаттар, оның ішінде кәмелетке толмаған адамның қатысуымен болған істер бойынша істі кәмелетке толмаған адамның тұрғылықты жеріндегі сотта қарау туралы өтінішхаттар және бас тартулар бар ма;
- 4) ҚР ӘҚБтК-нің 744, 745, 746, 747 және 748-баптарында аталған тұлғаларға істің қаралатын орны мен уақыты туралы хабарланған ба деген мәселелерді анықтайды.

Лауазымды адамның әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар

Қарауына әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс берілген лауазымды адам, егер бұл адам:

1) жауаптылыққа тартылып отырған адамның немесе жәбірленушінің, олардың өкілдерінің, қорғаушының туысы болған

2) істің шешілуіне жеке өзі, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болған жағдайларда, аталған істі қарай алмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға дайындау кезінде орган (лауазымды адам) қабылдайтын шешім

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға дайындау кезінде орган (лауазымды адам) мынадай шешім қабылдайды:

1) істің қаралатын уақыты мен орнын тағайындау туралы;

2) іс бойынша адамдарды шақыру, қажетті қосымша материалдарды талап етіп алдыру, қажет болған жағдайда сараптама тағайындау туралы;

3) істі қарауды кейінге қалдыру туралы;

4) егер осы істі қарау өзінің құзыретіне жатпаса не судьяға, лауазымды адамға қарсылық білдіру туралы ұйғарым шығарылса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа да материалдарын ведомстволық бағыныстылығы бойынша қарауға беру туралы;

5) ҚР ӘҚБтК-нің 812-бабына сәйкес істі мәні бойынша қарауға беру туралы.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген шешімдер ұйғарым түрінде шығарылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) іс жүргізуде сол бір адамға қатысты қозғалған екі және одан көп істің барын анықтай отырып, бұл істерді бірге қарау үшін бір іс жүргізуге біріктіруге құқылы.

ҚР ӘҚБтК-нің 744-бабының төртінші бөлігінде, 746-бабының алтыншы бөлігінде және 754-бабының бесінші бөлігінде көзделген жағдайларда жауаптылыққа тартылып отырған адамның, оның өкілінің, куәнің дәлелсіз себептермен келмеуіне байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қайта қарауға әзірлеу кезінде істі қарайтын орган (лауазымды адам) аталған адамдарды күштеп әкелу туралы ұйғарым шығаруға құқылы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мерзімдері

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді істі қарауға құқық берілген орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа да материалдарын алған күннен бастап он бес тәулік ішінде қарайды.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптармен тіркелсе, қысқартылған іс жүргізу тәртібімен мәні бойынша қаралған істерді қоспағанда, іс айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама тиісінше жеткізілген кезден бастап он бес тәулік өткен соң қаралды деп есептеледі.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардан өтінішхаттар келіп түскен жағдайда не істің мән-жайларын қосымша анықтау қажет болған кезде істі қарап жатқан орган (лауазымды адам) істің қаралатын мерзімін ұзартуы, бірақ бір айдан аспайтындай етіп ұзартуы мүмкін. Мерзімді ұзарту туралы уәжді ұйғарым шығарылады.

3. Әкімшілік ұстап алуға ұшыраған адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оны ұстап алған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірмей қаралады.

4. Егер өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам лауазымды адамның әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауына негіз болатын тексеру нәтижелеріне және өзге де мән-жайларға шағым жасаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап жатқан орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаралу мерзімін соттың тиісті шешімі шығарылғанға және заңды күшіне енгенге дейін немесе өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамның шағымын қарайтын органның (лауазымды адамның) шешіміне шағым жасау мерзімі өткенге дейін ұзартады.

17.2 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау тәртібі.

Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кіріскенде:

1) істі кім қарайтынын, қандай іс қаралуға жататынын, кім және ҚР ӘҚБтК-нің қандай бабының негізінде жауаптылыққа тартылатынын хабарлайды;

2) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де тұлғалардың келгеніне көз жеткізеді;

3) іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және жеке тұлғаның заңды өкілдерінің немесе заңды тұлға өкілдерінің, қорғаушының өкілеттіктерін тексереді;

4) іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың келмеу себептерін анықтайды және аталған адамдар болмағанда істі қарау туралы не істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

5) қажет болған жағдайларда істі қарау кезінде қатысуы міндетті болып табылатын адамды күштеп әкелу туралы ұйғарым шығарады, аудармашыны тағайындайды;

6) істі қарауға қатысатын адамдарға осы Кодексте көзделген олардың құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тегін заң көмегін алу құқығын түсіндіреді;

7) іс жүргізу тілін айқындайды, мәлімдеме жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар жасау, іс материалдарымен танысу, оны қарау кезінде ана тілінде немесе өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам өзі білетін басқа да тілде сөз сөйлеу, аудармашының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығын түсіндіреді;

8) мәлімделген бас тартуларды және өтінішхаттарды шешеді;

9) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, ал қажет болған кезде істің өзге де материалдарын жария етеді;

10) өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның түсініктемелерін, іс жүргізуге қатысатын басқа да адамдардың айғақтарын, маманның түсіндірмесін және сарапшының қорытындысын тыңдайды, өзге де дәлелдемелерді зерттейді, ал істі қарауға прокурор қатысқан жағдайда оның қорытындысын тыңдайды;

11) мыналарға: егер істі қарайтын лауазымды адамға қарсылық білдіру істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, оның өздігінен бас тартуы немесе оған қарсылық білдіру туралы мәлімдеуіне; егер қорғаушының, уәкілетті өкілдің, сарапшының немесе аудармашының қарсылық білдіруі істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, олардың қарсылық білдіруіне; істі қарауға қатысатын адамдардың келу немесе іс бойынша қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажеттігіне байланысты, сондай-ақ ҚР ӘҚБтК-нің 51-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда істі қарауды кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарады. Қажет болған жағдайда орган (лауазымды адам) сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығарады;

12) ҚР ӘҚБтК-нің 816-бабында көзделген жағдайларда істі мәні бойынша қарауға беру туралы ұйғарым шығарады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаған лауазымды адам немесе өкілдерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қозғауға құқығы бар мемлекеттік органның өкілі істі қарауға қатысқан жағдайда, олар құқық бұзушылықтың мәні бойынша түсініктемелерді және оны жасауда адамның кінәлілігінің дәлелдемелерін бірінші болып ұсынады.

Қажет болған жағдайларда осы Кодексте көзделген басқа да процестік әрекеттер жүзеге асырылады.

17.3 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде анықтауға жататын мән-жайлар.

Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасалды ма, осы тұлға оны жасауға кінәлі ме, ол әкімшілік жауаптылыққа жатады ма, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар бар ма, мүліктік залал келтірілген бе, ҚР ӘҚБтК-нің 741 және 742-баптарында көзделген мән-жайларды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама және осы Кодексте көзделген басқа да хаттамалар дұрыс жасалған ба, істің өзге де материалдары дұрыс ресімделген бе, іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар, сондай-ақ тұлғаны әкімшілік жауаптылыққа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлар бар ма, соны анықтауға, сондай-ақ істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар басқа да мән-жайларды анықтауға міндетті.

Орган (лауазымды адам) осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлардың анықталуын ескере отырып, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған тұлғаға салынған және ҚР ӘҚБтК-нің 44-

бабы бірінші бөлігінің бірінші абзацына сәйкес есептелетін әкімшілік айыппұл мөлшерін қысқартуға, бірақ айыппұлдың жалпы сомасының отыз пайызынан аспайтындай етіп қысқартуға құқылы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау нәтижелері бойынша шешімдердің түрлері

Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап, мынадай қаулылардың бірін шығарады:

- 1) әкімшілік жаза қолдану туралы;
- 2) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы.

Әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шешім айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама түрінде ресімделеді, ол қысқартылған іс жүргізу тәртібімен мәні бойынша қаралған істерді қоспағанда, ҚР ӘҚБтК-нің 817-бабына сәйкес қаралған деп саналады.

Орган (лауазымды адам) істі қарау нәтижесінде жасалған әрекетке заңдық бағалаудың қате екенін мойындай отырып, құқық бұзушылықтың саралануын заңның онша қатаң емес әкімшілік жазаны көздейтін бабына немесе бап бөлігіне өзгертуге міндетті.

Көлік құралы жүргізушісін жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберген кезде жол жүрісі қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулы шығарылады, оның көшірмесі емтихан тапсыруға жіберілген адамға беріледі.

Азаматтық және қызметтік қару иесін және (немесе) пайдаланушысын азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберу кезінде азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулы шығарылады, оның көшірмесі емтихан тапсыруға жіберілетін адамға беріледі.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы:

- 1) ҚР ӘҚБтК-нің 741-бабында көзделген іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болған;
- 2) ҚР ӘҚБтК-нің 742-бабында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлар болған;
- 3) ҚР ӘҚБтК-нің 32-бабына сәйкес тұлғаны тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін іс материалдары тиісті органдарға берілетін жағдайларда шығарылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда:

- 1) қаулы шығарған лауазымды адамның лауазымы, тегі, аты-жөні;
- 2) істің қаралған күні мен орны;

3) өзіне қатысты іс қаралған тұлға туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жылы, айы, күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен

деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, жұмыс орны; заңды тұлғалар үшін – атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, сәйкестендіру нөмірі және банк деректемелері;

4) қаралып жатқан іс бойынша іс жүргізу тілі;

5) ҚР ӘҚБтК-нің әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделетін бабы;

6) істі қарау кезінде анықталған мән-жайлар;

7) іс бойынша шешім;

8) қаулыға шағым жасаудың тәртібі мен мерзімдері;

9) айыппұлды ерікті түрде төлеу немесе әкімшілік жазаның өзге түрін орындау мерзімдері көрсетілуге тиіс.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы заңды және негізделген болуға тиіс.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда жеке тұлғаның өзімен бірге алып жүрген, алынып қойылған заттары мен құжаттары туралы, заңды тұлғаға тиесілі алынып қойылған құжаттар мен мүлік туралы мәселелер шешілуге және көрсетілуге тиіс, бұл ретте:

1) әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралдары не нысанасы болған және әкімшілік жауаптылыққа тартылған жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі заттар ҚР ӘҚБтК-нің 2-бөлімінің Ерекше бөлігі нормаларының санкцияларында көзделген жағдайларда тәркіленеді не тиісті мекемелерге беріледі немесе жойылады; қалған жағдайларда тиесілілігі бойынша қайтарылады;

2) айналысына тыйым салынған заттар тиісті мекемелерге беріледі немесе жойылады;

3) құнды болып табылмайтын және пайдалануға келмейтін заттар жойылуға жатады, ал мүдделі тұлғалар өтінішхат берген жағдайларда оларға берілуі мүмкін;

4) заттай дәлелдемелер болып табылатын құжаттар істе оның бүкіл сақталу мерзімі ішінде қалады не мүдделі тұлғаларға беріледі.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау нәтижелері бойынша шығарылған қаулы жазбаша ресімделеді және осындай қаулы шығарған лауазымды адам оған қол қояды не осындай қаулы шығарған лауазымды адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімделеді.

Айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама және оны жіберу тәртібі

1. Айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамада мыналар көрсетілуге тиіс:

1) айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы ресімдеген органның атауы, орналасқан жері;

2) өзіне қатысты айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама ресімделген көлік құралының меншік иесі (иесі) туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), туған күні, тіркелген жері және басқа

да қажетті дербес деректер; заңды тұлғалар үшін – атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, орналасқан жері;

3) көлік құралы туралы мәліметтер: маркасы, моделі, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі;

4) әкімшілік құқық бұзушылықтың күні, уақыты, орны, мәні, ҚР ӘҚБтК-нің әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін бабы;

5) автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралының және аспабының көрсеткіштері;

6) автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралының және аспабының атауы, нөмірі, метрологиялық тексеру күні;

7) айыппұл сомасы;

8) айыппұлды ерікті немесе қысқартылған іс жүргізу тәртібімен төлеу мерзімі;

9) нұсқамаға шағымдану тәртібі мен мерзімі;

10) электрондық цифрлық қолтаңба.

2. Жазбаша нысанмен қатар айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың электрондық нысаны пайдаланылуы мүмкін.

3. Белгіленген үлгідегі түбіртегі бар, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген күннен бастап он тәулік ішінде көлік құралының меншік иесіне (иесіне) жіберіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны жариялау және қаулының көшірмесін тапсыру

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы іс қаралып біткен соң дереу жарияланады.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау нәтижелері бойынша шығарылған қаулы 744, 745, 746, 747 және 748-баптарда көрсетілген тұлғаларға жарияланған күнінен бастап үш тәулік ішінде табыс етіледі және (немесе) жолданады.

18 ТАРАУ «ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘКІМШІЛІК ЖАЗАЛАР ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ»

18.1 Әкімшілік жазалар ұғымы, мақсаттары және түрлері.

Әкімшілік жаза, осыған заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және мұндай құқық бұзушылық жасаған тұлғаны құқықтары мен бостандықтарынан ҚР ӘҚБтК-де көзделгендей айыруды немесе олардың шектелуін қамтиды (ҚР ӘҚБтК-нің 40-бабы 1-бөлігі).

Әкімшілік жазаның белгілері:

- әкімшілік жаза – мемлекет белгілеген әкімшілік жауапкершілік шарасы;
- әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ғана қолданылады;
- әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға ғана қолданылуы мүмкін;
- әкімшілік жаза – құқық бұзушының құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе оларды шектеуге негізделген жаза;
- әкімшілік жаза әрқашан жеке сипатта болады және үшінші тұлғалардың мүдделерін қозғамауы тиіс;
- әкімшілік жазаны әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың кең ауқымы қолданады;
- әкімшілік жаза әрқашан құқықтық салдарға әкеп соғады, соның нәтижесінде құқық бұзушы бұрын қолданылған әкімшілік жазаны орындағаннан кейін де осындай жазаға тартылды деп есептеледі.

Әкімшілік жазаның мақсаттары (ҚР ӘҚБтК-нің 40-бабы 2-бөлігі.):

1. Құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу.
2. Құқық бұзушының жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу.
3. Басқа тұлғалардың жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу.

Әкімшілік жаза:

- әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға тән азабын келтіруді немесе адами қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян келтіруді мақсат тұтпайды.

- мүліктік залалдың орнын толтыру құралы болып табылмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның орны ӘҚБтК-нің 59-бабында көзделген тәртіппен толтырылады.

Әкімшілік жаза түрлері (ӘҚБтК-нің 41-бабы):

- 1) ескерту жасау;
- 2) әкімшілік айыппұл;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;

- 4) арнайы құқықтан айыру;
- 5) рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау;
- 6) қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;
- 7) заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу;
- 8) әкімшілік қамаққа алу;
- 9) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу.

Әкімшілік жазалардың негізгі түрлері ретінде мыналар қолданылады:

1. Ескерту жасау.
2. Әкімшілік айыппұл.
3. Әкімшілік қамаққа алу.

Әкімшілік жазалардың қосымша түрлері ретінде мыналар қолданылады:

1. Әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу.
2. Заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу.

Әкімшілік жазалардың баламалы түрлері мыналар болып табылады:

1. Арнайы құқықтан айыру.
2. Рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау.
3. Қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу.
4. Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу.

Әкімшілік жазаларды жіктеу

1. Құқықтық шектеулер сипаты бойынша:

- психикалық әсер ету шаралары;
- мүліктік сипаттағы шаралар;
- жекелеген субъективті құқықтарды шектеу жөніндегі шаралар;
- физикалық әсер ететін шаралар.

2. Қолданудың процестік тәртібі бойынша:

- әкімшілік (соттан тыс) тәртіппен қолданылатын шаралар;
- сот тәртібімен қолданылатын шаралар.

3. Қолданылу сипаты бойынша:

- барлық субъектілерге қолданылатын шаралар;
- жеке тұлғаларға ғана қолданылатын шаралар.

Әкімшілік жаза қолдану ерекшеліктері

Әкімшілік жаза қолданудың негізгі ерекшеліктерін немесе принциптерін атап өтейік:

Құқық бұзушыға негізгі немесе негізгі және қосымша жаза қолданылуы мүмкін. Екі негізгі жазаны қолдануға, сондай-ақ осылай тек қосымша жазаны қолдануға тыйым салынады (ҚР ӘҚБтК-нің 42-бабы; 55-баптың 6-тармағы).

Егер ӘҚБтК-нің бабы жазалау шарасы ретінде ескерту жасауды белгілесе, онда ауырлататын мән-жайлар немесе жерге немесе жануарларға елеулі залал (5 АЕК-тен астам) болмаған кезде құқық бұзушыға ескерту жасау түрінде жаза қолданылады (ҚР ӘҚБтК-нің 43-бабы 2-тармағы);

Айыппұл мемлекеттік бюджет кірісіне өндіріп алынады, зиянды өтеу жеке жүргізіледі (ҚР ӘҚБтК-нің 44-бабы 4-тармағы; 59-бабы);

Жеке тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшерін 200 АЕК-тен асыруға болмауы (ҚР ӘҚБтК-тің 44-бабы 2-тармағы);

Бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде жазалар жинақталады (ҚР ӘҚБтК-нің 58-бабы);

Егер құқық бұзушылық алдыңғы жаза аяқталғаннан кейін бір жылдан аз уақыт өткен соң жасалса, ол қайталама құқық бұзушылық болып саналуы мүмкін;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде ауырлататын немесе жеңілдететін мән-жайлар міндетті түрде ескеріледі;

Адамды ескіру мерзімі өткеннен кейін жазаға тартуға болмайды.

18.2 Полиция қызметкерлері әкімшілік іс жүргізуде қолданатын әкімшілік жаза шараларының сипаттамасы.

Жазалау шаралары құқық бұзушының әкімшілік жауапкершілігінің мәнін анықтайды және бұрын қолданылған ӘҚБтК-мен және басқа мемлекеттердің әкімшілік кодекстерімен егжей-тегжейлі және салыстырмалы талдауды талап етеді.

Ескерту жасау елеусіз әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін дербес жазалау шарасы ретінде қолданылады. Ол кез келген басқа жаза сияқты жазбаша қаулы шығару арқылы қолданылады. Заңды тұлғаға ауызша ескерту жасау сендіру шарасы ретінде қарастырылуы керек. Кез келген әкімшілік жазаның белгісі кінәлі адамға белгілі бір айырулар мен құқықтық шектеулер жасауға бағытталған шаралар болуы керек. Заңды тұлғаға қатысты ескерту жасау іс жүзінде кәсіпорынның немесе ұйымның қызметіне теріс ресми бағалауды ғана білдіреді және олар үшін әкімшілік жазадан басқа ешқандай құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды. Мұндай жағдай жеке тұлға белгілі бір мүліктік шығындар алып келуі мүмкін⁶, сондай-ақ құқық бұзушылықтың қайталануы кезінде маңызды болуы мүмкін. Жеке тұлғаның біртекті әкімшілік құқық бұзушылықты қайталап жасауы ауырлататын мән-жай болып есептеледі және неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғады, әкімшілік қадағалау шектеулерін үшінші рет бұзғаны үшін құқық бұзушы қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Заңды тұлға үшін ескерту жасау түріндегі санкция ешқандай салдарға әкелмейді. Сондықтан заңды тұлға үшін ескерту жасау түріндегі әкімшілік

жаза шарасы әкімшілік жаза мақсаттарына қойылатын талаптарға әлсіз жауап береді:

1) құқық бұзушылық жасаған адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу;

2) құқық бұзушылық жасаған адамды заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу;

3) құқық бұзушының өзінің де, басқа адамдардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу болып табылады.

Осыған байланысты, заңды тұлға үшін аталған әкімшілік санкцияның тиімділігі аз және әкімшілік жаза мақсаттарын орындауда өзекті деп саналуы керек. Бұл жерде, егер тұлға бір жыл ішінде басқа құқық бұзушылық жасамаса, ескерту жасауды жазадан шартты түрде босату ретінде қарастыруды ұсынатын кейбір авторлардың⁸ ұсынысы қызығушылық тудырады. Өкінішке қарай, қылмыстық заңнамада кеңінен қолданылатын бұл институт әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада әлі заңды бекітілмеген.

Айыппұл – әкімшілік жауапкершіліктің ең көп таралған шарасы және негізінен іс жүзінде әкімшілік санкциялармен көзделген жағдайларда және шектерде ақшалай өндіріп алудан көрінетін шара.

Нарықтық қатынастарға көшу, әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің пайда болуы заңды тұлғалардың айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілігін табиғи түрде жандандырды¹⁰. «Бұл бір жағынан жаңа жағдайлар әкімшілік айыппұлдың заңды тұлғалардың қызметіндегі заңдылықты нығайтуға әсерін күшейтуге мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріледі, өйткені оның үлкен мөлшері олардың мүліктік жағдайына әсер етуге арналған».

Инфляциялық процестерге байланысты айыппұл әкімшілік жаза салу кезінде қолданылатын заңнамалық актіге сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде көрсетіледі. Айыппұл әрқашан әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама шығару арқылы салынбайды және егер айыппұл бір айлық есептік көрсеткіштен аспаса, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде осыған уәкілеттік берілген лауазымды адам өндіріп алады. Айыппұлды өндіріп алу кезінде қатаң қаржылық есептілік құжаты болып табылатын белгіленген үлгідегі түбіртек беріледі.

Заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру не оған тыйым салу жекелеген объектілерді пайдалануға тыйым салумен, белгілі бір жұмыс түрлерін жүргізумен және кәсіпорынның немесе ұйымның қызметін толық тоқтатумен байланысты. Тоқтата тұру (яғни белгілі бір мерзімге тыйым салу) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді сот тәртібімен қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) талап арызына сәйкес жүргізіледі. ҚР ӘҚБтК осы талап арызды 10 күн мерзімде қарауды көздейді. Әкімшілік жазаның аталған шарасы оған соттың қатысуынсыз да, бірақ үш тәуліктен аспайтын мерзімге де қолданылуы мүмкін. Бұл ретте заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру

анықталған бұзушылықтар қажетті іс-әрекеттерді (іс-шараларды) жүргізу арқылы сот белгілейтін мерзімде жойылатын жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін. Заңды тұлғаның қызметіне тыйым салу мерзімдері белгіленбеген.

«Өз қызметін тоқтатқан (қайта құрылған) ұйым Тіркелімнен шығарылуға жатады (Тіркелімнен шығару оған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы жазба енгізу арқылы жүргізіледі), бұл туралы жаңадан құрылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықта көрсетіледі. Бұл ретте құрылтай құжаттарының және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің түпнұсқалары алып қойылуға жатады». Яғни, тыйым салу тетігі барлық түпнұсқа тіркеу құжаттарын алып тастауды және оны Тіркелімнен шығаруды қамтуы керек. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 910-бабының 2-бөлігіне сәйкес заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын орган заңды тұлғаның қызметіне тыйым салу (тарату) туралы шешімді ала отырып, заңнамада көзделген қызметке тыйым салу (тарату) тәртібінің сақталуын тексереді және он тәулік ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылғанын тіркейді, бұл жөнінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға хабарланады. Заңды тұлға өзінің қызметін әділет органдарында қайта тіркелгеннен кейін, оның қызметіне тыйым салынғаннан кейін бірден қайта дамыта алады.

18.3 Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза қолданудың жалпы қағидалары.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін ҚР ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің бабында көзделген шекте осы Кодекстің ережелеріне дәл сәйкестікте қолданылады. Әкімшілік жаза әділ, құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалу мән-жайларына, құқық бұзушының жеке басына сай келетін болуға тиіс. Жеке тұлғаға әкімшілік жаза қолдану кезінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, оның ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

Заңды тұлғаға әкімшілік жаза қолдану кезінде әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

Әкімшілік жаза қолдану адамды, орындамағаны үшін көрсетілген жаза қолданылған міндеттерді орындаудан, жол берілген бұзушылықтарды жоюдан және залалды өтеуден босатпайды.

Бір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бір негізгі не негізгі және қосымша әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар

Мыналар:

- 1) кінәлі адамның өкінуі;

2) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның құқық бұзушылықтың зиянды салдарын болғызбауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы;

3) әкімшілік құқық бұзушылықты қатты жан толқынысының әсерімен не жеке басының немесе отбасының ауыр мән-жайлары салдарынан жасау;

4) әкімшілік құқық бұзушылықты кәмелетке толмаған адамның жасауы;

5) әкімшілік құқық бұзушылықты жүкті әйелдің немесе он төрт жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы;

6) әкімшілік құқық бұзушылықты күшпен немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасау;

7) әкімшілік құқық бұзушылықты қажетті қорғаныстың заңдылық шарттарын бұзу, құқыққа қарсы қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу, бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде жасау;

8) әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет абайсызда жасау әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар деп танылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын сот (судья), орган (лауазымды адам) осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілмеген мән-жайларды да жеңілдететін мән-жайлар деп тануы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар

Мыналар:

1) прокурордың заңды түсіндіргеніне және (немесе) осыған уәкілетті тұлғалардың оны тоқтату талабына қарамастан құқыққа қарсы мінез-құлықты жалғастыру;

2) ҚР ӘҚБтК-нің 61-бабында көзделген мерзім ішінде әкімшілік жазаға тартылған адамның біртекті әкімшілік құқық бұзушылықты қайталап жасауы;

3) кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту;

4) кінәлі адамға психикасының ауыр түрде бұзылуынан зардап шегетіні көрінеу белгілі адамдарды не әкімшілік жауаптылық туындайтын жасқа толмаған адамдарды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту;

5) ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша, басқа адамдардың заңды әрекеттері үшін кек алу, сондай-ақ басқа құқық бұзушылықты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатында әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

6) адамға немесе оның жақындарына қатысты осы адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

7) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәлі тұлғаға тәуелді адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жасау;

8) адамдар тобының әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

9) дүлей зілзала жағдайларында немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасау;

10) алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде әкімшілік құқық бұзушылық жасау әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар деп танылады. Әкімшілік жаза қолданатын сот (судья), орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатына қарай осы мән-жайды ауырлататын мән-жай деп танымауы мүмкін.

Бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде әкімшілік жазалар қолдану

1. Бір адам екі немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әрбір құқық бұзушылық үшін жеке-жеке әкімшілік жаза қолданылады.

2. Егер тұлға бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасап, оларды сол бір судья, уәкілетті орган (лауазымды адам) қараса, онда бұл тұлғаға сол бір түрдегі жазалар қолданылған жағдайда, жазаның түпкілікті мөлшерін жазаның осы түрі үшін осы Кодексте белгіленген үш еселенген ең жоғары шектен асыруға болмайды, әкімшілік қамаққа алу үшін – ҚР ӘҚБтК-нің 50-бабының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімнен, ал арнайы құқықтан айыру үшін ҚР ӘҚБтК-нің 46-бабының екінші және үшінші бөліктерінде белгіленген мерзімдерден асыруға болмайды.

3. Егер әкімшілік айыппұлдар пайызбен көрсетілсе, олар бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны үшін салынған кезде, айыппұл әрбір құқық бұзушылық үшін жеке өндіріп алынады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу

Судья мүліктік зиян келтірілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарай келіп, әкімшілік жаза қолдану туралы мәселені шешкен кезде, егер мұндай зиянның мөлшері туралы дау болмаса, оны бір мезгілде өндіріп алады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген мүліктік зиянның мөлшері туралы даулар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралады.

Өзге де уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мүліктік зиянды өтеу, кінәлі тұлға оны өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен жүргізіледі.

Іскерлік беделді қорғау немесе әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талаптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралады.

Әкімшілік жаза мерзімдерін есептеу

Әкімшілік қамаққа алу мерзімі тәуліктермен, ал жеке немесе заңды тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру, сондай-ақ рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі жылдармен, айлармен немесе күнтізбелік күндермен есептеледі.

Тұлға әкімшілік жазаға тартылды деп есептелетін мерзім

Әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жаза қолданылған тұлға

әкімшілік жазаны орындау аяқталған күннен бастап бір жыл ішінде осы жазаға тартылды деп есептеледі.

19 ТАРАУ «ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ҚАУЛЫЛАРДЫ ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАУ»

19.1 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулының заңды күшіне ену тәртібі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі соттың қаулысы – бұл процестік құжат, онда әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша іс жүргізу нәтижелерінің қорытындысы көрсетіледі.

Егер қаулы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) талаптарына, сондай-ақ өзге де заңнама нормаларының ережелеріне сәйкес келсе, ол заңды болып табылады.

Қаулыда осы іс үшін маңызы бар, сот зерттеген, қатыстылығы, жол берілетіндігі және анықтығы туралы заң талаптарын қанағаттандыратын дәлелдемелермен бекітілген мән-жайлар көрсетілуі тиіс, бұл қаулының негізділігін білдіреді.

Сот әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі, шағымды, наразылықты қарап, ӘҚБтК-нің 829-14-бабының бірінші бөлігінде көзделген қаулылардың бірін қабылдайды.

Қаулыны шығару кезінде ӘҚБтК-нің 822-бабында көзделген мәліметтер көрсетілуге, сонымен қатар мәселелер шешілуге тиіс.

Қаулының жеке бөліктерден тұратын, жиынтығында біртұтас заңдық құжатты құрайтын қатаң қисындық құрылымы болуы тиіс.

Қаулы үш құрамдас – кіріспе, сипаттау-уәждеу және қарар бөліктерінен тұрады.

ӘҚБтК-нің 829-14-бабының сегізінші бөлігіне сәйкес қаулы жазбаша нысанда не электронды құжат нысанында шығарылады.

Электронды құжат нысанында дайындалған қаулы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370 Заңының ережелеріне сәйкес келуі тиіс. Электрондық құжат айналымының тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Қаулы қолжазба, машинамен немесе компьютермен басу тәсілімен бір данада дайындалуы мүмкін.

Қаулыны қабылдау кезінде заң техникасы мен сот актілерін дайындау параметрлері мәселелерін регламенттейтін сот жүйесінің ішкі құжаттарын басшылыққа алған жөн.

Қаулының кіріспе бөлігі құжаттың атауынан кейін басталады және ӘҚБтК-нің 822-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген мәліметтерді қамтиды.

Қаулыда оның қабылданған жылы, күні және айы көрсетіледі.

Судьяның қаулыны жариялаған күні, айы және жылы қаулының қабылданған күні болып табылады.

Осы қаулы нақты шығарылған қала немесе өзге де елді мекен істің қаралған орны болып табылады.

Соттың атауы оны құру туралы нормативтік-құқықтық актіге сәйкес көрсетілуі тиіс.

Қаулының кіріспе бөлігінде судьяның, сот отырысы хатшысының, прокурордың және ӘҚБтК-нің 744, 745, 746, 747, 748, 758-баптарында аталған, қаулы қабылданған сот отырысына қатысқан, іс жүргізудің басқа да қатысушыларының тегі мен аты-жөнін көрсету қажет.

ӘҚБтК-нің 822-бабы бірінші бөлігі 3) тармақшасының ережелері іс қаралған тұлға туралы мәліметтер тізбесін қамтиды, ол қаулының кіріспе бөлігінде толық көлемде көрсетілуі тиіс, түбегейлі болып табылады және кеңінен түсіндіруге жатпайды.

Істі дұрыс шешу үшін (атап айтқанда, тұлғаның осы әкімшілік құқық бұзушылық субъектісі болып табылатынын-табылмайтынын анықтау үшін), әділ әкімшілік жазалау шарасын тағайындау, қаулыны орындау, басқа да мәселелерді дұрыс шешу үшін – іс қаралған тұлға туралы мәліметтер маңызды болып табылады.

Іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) іс жүргізілетін тілде, практикалық транскрипция қағидалары ескеріле отырып көрсетіледі.

Іс бойынша іс жүргізу орыс тілінде жүзеге асырылып, ал адамның жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілген тегі, аты, әкесінің аты мемлекеттік тілде болған жағдайларда, қаулыда адамның дербес деректерін септемей, жеке басын куәландыратын ресми құжаттағы жазбаға дәлме-дәл сәйкестікте жазу қажет.

Қаулыда шетелдік адамның тегі, аты және әкесінің аты іс жүргізу тілінде де, жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген транскрипцияда да көрсетілуі тиіс.

Шетелдік адамның жеке басын куәландыратын құжаты, азаматтығы жоқ адамның не босқынның жеке куәлігі болмаған жағдайда, онда іс жүргізіліп жатқан адам оның шыққан елінен келген жазбаша растау негізінде көрсетіледі.

Тізбесі «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 73-V Заңының 6-бабының 1-тармағында көзделген құжаттардың негізінде іс жүргізіліп жатқан адамның жеке басы куәландырылады.

Егер іс бойынша іс жүргізу заңды тұлғаға қатысты қозғалса, онда оның атауын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы құжатқа сәйкес көрсету қажет.

Істі қарау кезінде анықталған мән-жайлар қаулының сипаттау-уәждеу бөлігінде баяндалуға жатады. Бұл мән-жайларға:

- жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайлары (әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасын анықтау), сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасалған уақыт пен жерді, оны жасау нәтижесінде басталған салдарларды сипаттау;

- әкімшілік жауаптылыққа тартылып отырған тұлғаның құқыққа қарсы әрекеттерін (әрекетсіздігін), оның әкімшілік құқық бұзушылық жасаудағы кінәсінің нысанын сипаттау;

- тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасаудағы кінәсін растайтын не теріске шығаратын дәлелдемелерді баяндау, оларды қатыстылығы, жол берілетіндігі және анықтығы тұрғысынан бағалау;

- құқық бұзушылықты дұрыс саралау үшін заңдық маңызы бар өзге мәліметтерді талдау, әкімшілік құқық бұзушылық үшін әділ жаза қолдану және шығарылған қаулыны орындау жатады.

Қаулының сипаттау-уәждеу бөлігін баяндау кезінде дәлелденді деп танылған әкімшілік құқық бұзушылықтың толық сипатталуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Тұлға құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған жағдайда, қаулының тиісті бөлігінде ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің нормаларында, сондай-ақ ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің бабында осы мән-жайға тікелей сілтеме (сілтеме жасау нормалары) болған кезде заңдар мен заңға тәуелді актілерде тікелей тыйым салынған әрекеттің немесе әрекетсіздіктің сипаттамасы, оның жасалған орны, уақыты, тәсілі, кінәнің нысаны, жасалған құқық бұзушылықтың уәждері мен салдарлары көрсетіледі.

Қаулының сипаттау-уәждеу бөлігі оның қарар бөлігінде баяндалған шешімдердің негіздемесі болып табылады және оған қайшы келмеуі тиіс.

ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің жекелеген нормалары бланкеттік тәсілмен жазылады. Сот қаулысында осындай құрамдар бойынша нормативтік-құқықтық актілердің нақты қай ережелерінің бұзылғаны көрсетілуі, сондай-ақ осы бұзушылықтардың мазмұны ашылуы тиіс. Бұл ретте басталған зардаптармен себеп-салдарлық байланысы жоқ нормативтік-құқықтық актілердің бұзылуы құқық бұзушылықтың объективті бөлігін құрай алмайтынын және оның жойылуға жататынын ескеру қажет.

Қаулының сипаттау-уәждеу бөлігінде әкімшілік жауаптылыққа тартылып отырған тұлғаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың жасалу фактісі туралы көрсету қажет емес.

Қаулының мәтінінде: оқиғалар мен мән-жайлардың жете жазылуына; құқық бұзушылыққа қатысы жоқ құқық нормаларының келтірілуіне; ресми құжаттарда қолдануға болмайтын қысқартулар мен сөздерді пайдалануға жол берілмейді.

Соттың қаулысында хаттамадан мәтінді толық көшіріп алу жолымен құқық бұзушылықтың мәнін баяндау дұрыс емес, өйткені қаулының сипаттау-уәждеу бөлігінде құқық бұзушылықтың сотта анықталған мән-жайлары ғана толық көлемде жазылуы тиіс.

Қаулының сипаттау-уәждеу бөлігінде сотта қандай дәлелдемелердің зерттелгенін, олардың мазмұны ашылғанын және оларға баға берілгенін көрсету керек.

Дәлелдемелерді талдау – процестік және өзге құжаттарды жай атау ғана емес, осы дәлелдемелерді қандай мән-жайлар бекітетіні көрсетіліп, мазмұнының ашылуын білдіреді.

Сот отырысында зерттелген қандай дәлелдемелердің анық емес, ал қандай нақты деректер дәлелдемелер ретінде қабылданбайды деп танылғанын соттар қаулыда көрсетуге және өз тұжырымдарын уәждеуге тиіс.

Қаулыда тұлғаның өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша жасады деп танылған құқық бұзушылыққа қатысты ұстанымы жазылуы тиіс.

Әрекетті мойындау іс бойынша анықталған басқа да дәлелдемелердің жиынтығымен кінәсі расталған кезде ғана әкімшілік жауаптылыққа тартуға негіз болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған тұлға өзіне қатысты кінәсін мойындамаған жағдайда, қаулының сипаттау-уәждеу бөлігінде ол өзін қорғау үшін келтірген дәлелдерге баға берілуі тиіс.

Әкімшілік жауаптылыққа тартылып отырған тұлға сотқа дейін талқылау процесінде өзі берген түсіндірмелерді өзгерткен жағдайда, сот барлық түсіндірмелерді тексеруге, олардың өзгеру себептерін анықтауға және іс бойынша жиналған басқа дәлелдемелер ескеріліп, жүргізілген зерттеу нәтижесінде оларға тиісті баға бергені жөн.

Қаулыда өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған тұлғаның, жәбірленушілердің, іске қатысатын басқа да тұлғалардың түсініктемелері, куәлардың айғақтары, сарапшының, маманның түсіндірмелері үшінші жақтан жазылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жәбірленушіні міндетті түрде қатыстыра отырып қаралуға тиіс. Ол болмаған кезде іс ӘҚБтК-нің 744-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда ғана қаралуы мүмкін. Жәбірленушінің қатысуынсыз істі қарау уәждері қаулының сипаттау-уәждеу бөлігінде көрсетілуі қажет.

Сарапшылар қорытындысының, іс бойынша жиналған басқа да дәлелдемелердің және сот отырысында зерттелген материалдардың жиынтығымен бағаланатынын соттар назарда ұстауы керек.

Егер сараптама бірнеше сарапшыға тапсырылып, олар жеке-жеке қорытынды берген болса, олармен келісу немесе келіспеу уәждері әрбір қорытынды бойынша жеке-жеке келтірілуі тиіс.

Қаулыда құқық бұзушылықты ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің сол немесе өзге бабы, оның бөлігі немесе тармағы бойынша саралауға қатысты тұжырымдар негізделуі тиіс.

Құқық бұзушылық оқиғасын баяндау кезінде ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің құқық бұзушыға қолданылатын бабының диспозициясын, оның ішінде әрекеттердің қайталануын басшылыққа ала отырып, құқық бұзушылықтың барлық саралаушы белгілерін көрсету қажет.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарына соттың (лауазымды адамның) құқық бұзушылықтың қайталап жасалғанын

растайтын, заңды күшіне енген қаулысының көшірмесі не Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті органдарының мәліметтері қоса тігілуі тиіс.

Құқық бұзушылықтың қайталануын анықтау кезінде сот ӘҚБтК-нің 61-бабына сәйкес тұлға әкімшілік жазаға тартылды деп есептелетін ӘҚБтК-нің Жалпы бөлігінің мерзімі туралы ережелерін негізге алуға тиіс.

Әкімшілік жазалау шарасын анықтау барысында сот қаулының сипаттау-уәждеу бөлігінде тандап алынған әкімшілік жазалау шарасының уәждерін келтіруге міндетті.

Жеке тұлғаға әкімшілік жаза қолдану барысында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, сонымен қатар оның құқық бұзушылық жасалғанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

Әкімшілік айыппұл мөлшері қысқарған жағдайда, қаулының қарар бөлігінде қаулының сипаттау-уәждеу бөлігінде көрсетілуге жататын есепті келтірмей, өндіріп алынуға жататын әкімшілік айыппұлдың түпкілікті мөлшерін көрсету жеткілікті.

Әкімшілік жаза қолданылған жағдайда, қаулының қарар бөлігінде іс бойынша қабылданған шешім көрсетіледі. Ол өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаны кінәлі деп танудан, заңды тұлғаны әкімшілік жауаптылыққа тартудан және оған әкімшілік жаза қолданудан тұруға тиіс.

Қаулының қарар бөлігін жазу кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылған адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда), әкімшілік жауаптылыққа заңды тұлға тартылып жатқан кезде – заңды тұлғаның толық атауы мен ұйымдық-құқықтық нысаны, сондай-ақ жеке тұлға кінәлі деп танылған не заңды тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жататын ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің бабы, бөлігі, тармағы, негізгі және қосымша әкімшілік жазаның түрі мен мөлшері көрсетіледі.

ӘҚБтК-нің 741, 742-баптарында көзделген жағдайларда, сондай-ақ тұлғаны ӘҚБтК-нің 32, 64-1 (құқық бұзушылықтың маңыздылығы шамалы болған кезде әкімшілік жауаптылықтан босату), 68-баптарына (Кәмелетке толмағандарды әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату) сәйкес тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін іс материалдарын тиісті органдарға берген жағдайда, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылады.

Істі тоқтату туралы қаулының сипаттау-уәждеу бөлігінде:

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада көрсетілген құқық бұзушылықтың мән-жайлары;

- істі тоқтатуға негіз болған мән-жайлар жазылады.

Қаулының қарар бөлігінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы соттың шешімі, мұндай шешімді

қабылдау негізі, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің нормасы көрсетіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама:

1) егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым берілмесе немесе наразылық білдірілмесе, оларға шағым беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін;

2) шағым, наразылық бойынша қаулы, сондай-ақ ҚР ӘҚБтК-нің 839-бабында көзделген жағдайда қаулы шығарылғаннан кейін дереу;

3) ҚР ӘҚБтК-нің 811-бабы 2-бөлігінің бірінші абзацында көзделген жағдайда дереу;

3-1) ҚР ӘҚБтК-нің 744 және 745-баптарында көзделген, өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаның және жәбірленушінің жазбаша өтінішхаты бойынша дереу;

4) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы қаулы жария етілгеннен кейін заңды күшіне енеді.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың міндеттілігі

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама барлық мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың, жеке тұлғалардың және олардың бірлестіктерінің, заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама заңды күшіне енген кезінен бастап орындалуға жатады.

Арнайы құқықтан айыру және әкімшілік қамаққа алу түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарылған кезінен бастап орындалуға жатады.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы орындауға енгізу қаулының шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) немесе нұсқаманы ресімдеген органға жүктеледі. Қаулы оны орындатуға уәкілеттік берілген органға (лауазымды адамға) ол заңды күшіне енген күннен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі. Арнайы құқықтан айыру түріндегі әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулы шығарылғаннан кейін оны орындатуға уәкілеттік берілген органдарға дереу жіберіледі.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы уәкілетті органдар ҚР ӘҚБтК-де белгіленген тәртіппен орындауға келтіреді.

Бір адамға қатысты бірнеше әкімшілік жазалар қолдану туралы қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама шығарылған жағдайда, әрбір қаулы, нұсқама дербес орындауға келтіріледі.

Тұлғаның әкімшілік жазадан жалтаруы, бұл жазаны заңнамаға сәйкес мәжбүрлеу тәртібімен орындауға әкеп соғады.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы орындауға енгізу қаулыны шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) немесе нұсқаманы ресімдеген органға жүктеледі. Қаулы оны орындатуға уәкілеттік берілген органға (лауазымды адамға) ол заңды күшіне енген күннен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі. Арнайы құқықтан айыру түріндегі әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулы шығарылғаннан кейін оны орындатуға уәкілеттік берілген органдарға дереу жіберіледі.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы уәкілетті органдар ҚР ӘҚБтК-де белгіленген тәртіппен орындауға келтіреді.

Бір адамға қатысты бірнеше әкімшілік жазалар қолдану туралы қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама шығарылған жағдайда, әрбір қаулы, нұсқама дербес орындауға келтіріледі.

Тұлғаның әкімшілік жазадан жалтаруы, бұл жазаны заңнамаға сәйкес мәжбүрлеу тәртібімен орындауға әкеп соғады.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы орындауға байланысты мәселелерді шешу (ҚР ӘҚБтК-нің 887-бабы)

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы ресімдеген органға осы қаулыны, нұсқаманы орындауға байланысты мәселелерді шешу және оның орындалуын бақылау жүктеледі.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың орындалуын кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту, тоқтата тұру немесе тоқтату туралы, сондай-ақ кәметке толмаған адамға салынған айыппұлды оның ата-анасынан немесе оларды алмастыратын адамдардан өндіріп алу туралы мәселелерді қаулы шығарған, нұсқаманы ресімдеген судья, орган (лауазымды адам) тиісті мәселені шешу үшін негіз пайда болған күннен бастап үш күндік мерзімде қарайды.

Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мәселелердің шешілуіне мүдделі тұлғаларға олардың қаралатын орны мен уақыты туралы хабарланады. Бұл ретте мүдделі тұлғалардың дәлелсіз себептермен келмеуі тиісті мәселелерді шешу үшін кедергі болып табылмайды. Әкімшілік қамаққа алуды өтеуден жалтару туралы мәселені қарау кезінде әкімшілік қамаққа алынған адамның қатысуы міндетті болып табылады.

Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қаулы түрінде қабылданады.

Қаулының көшірмесі өзіне қатысты қаулы шығарылған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ өзінің өтініші бойынша жәбірленушіге қолхатпен дереу беріледі. Аталған тұлғалар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі, бұл жөнінде істе тиісті жазба жүргізіледі.

19.2 Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту, тоқтата тұру немесе тоқтату.

Айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың, әкімшілік қамаққа алу, арнайы құқықтан айыру немесе айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының заңда белгіленген мерзімдерде орындалуы мүмкін болмайтын мән-жайлар болған кезде, қаулы шығарған судья, орган (лауазымды адам) немесе нұсқаманы ресімдеген орган өзіне қатысты қаулы шығарылған, нұсқама ресімделген адамның арызы бойынша қаулының, нұсқаманың орындалуын бір айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыра алады. Әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның материалдық жағдайын ескере отырып, қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) немесе нұсқаманы ресімдеген орган айыппұл төлеуді үш айға дейінгі мерзімге ұзартуы мүмкін.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны шығарған орган (лауазымды адам) немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы ресімдеген орган:

1) әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің күші жойылған;

2) ҚР ӘҚБтК-нің 8-бабы екінші бөлігінде көзделген;

3) әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам қайтыс болған немесе заңда белгіленген тәртіппен ол қайтыс болған деп жарияланған;

4) ҚР ӘҚБтК-нің 890-бабында белгіленген әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы орындаудың ескіру мерзімі өткен;

5) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде көзделген жағдайларда қаулының, нұсқаманың орындалуын тоқтатады және әкімшілік жазадан босатады.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама – заңды күшіне енген күнінен бастап бір жыл ішінде, ал салық салу және Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар үшін заңды күшіне енген күнінен бастап бес жыл ішінде орындалмаса, ол орындалуға жатпайды.

ҚР ӘҚБтК-нің 834-бабына сәйкес қаулының орындалуы тоқтатыла тұрған жағдайда, ескіру мерзімінің өтуі шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты, наразылығы қаралғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Егер әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға оны орындаудан жалтарса, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген ескіру мерзімінің өтуіне үзіліс жасалады. Бұл жағдайда ескіру мерзімінің өтуін есептеу осы тұлға табылған күннен бастап қайта жалғасады.

ҚР ӘҚБтК-нің 888-бабына сәйкес қаулыны орындау кейінге қалдырылған жағдайда, ескіру мерзімінің өтуі кейінге қалдыру мерзімі біткенге дейін тоқтатыла тұрады, ал қаулыны орындау ұзартылған кезде ескіру мерзімінің өтуі ұзарту мерзіміне ұзартылады.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны шығарған орган (лауазымды адам) немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы ресімдеген орган:

1) әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің күші жойылған;

2) ҚР ӘҚБтК-нің 8-бабы екінші бөлігінде көзделген;

3) әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам қайтыс болған немесе заңда белгіленген тәртіппен ол қайтыс болған деп жарияланған;

4) ҚР ӘҚБтК-нің 890-бабында белгіленген әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы орындаудың ескіру мерзімі өткен;

5) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде көзделген жағдайларда қаулының, нұсқаманың орындалуын тоқтатады және әкімшілік жазадан босатады.

19.3 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы орындаудың ескіруі.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама – заңды күшіне енген күнінен бастап бір жыл ішінде, ал салық салу және Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар үшін заңды күшіне енген күнінен бастап бес жыл ішінде орындалмаса, ол орындалуға жатпайды.

ҚР ӘҚБтК-нің 834-бабына сәйкес қаулының орындалуы тоқтатыла тұрған жағдайда, ескіру мерзімінің өтуі шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты, наразылығы қаралғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Егер әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға оны орындаудан жалтарса, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген ескіру мерзімінің өтуіне үзіліс жасалады. Бұл жағдайда ескіру мерзімінің өтуін есептеу осы тұлға табылған күннен бастап қайта жалғасады.

ҚР ӘҚБтК-нің 888-бабына сәйкес қаулыны орындау кейінге қалдырылған жағдайда, ескіру мерзімінің өтуі кейінге қалдыру мерзімі біткенге дейін тоқтатыла тұрады, ал қаулыны орындау ұзартылған кезде ескіру мерзімінің өтуі ұзарту мерзіміне ұзартылады.

Жаза толық жүргізілген әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны жүргізілген жаза туралы белгі соғып, қаулыны орындаған орган қаулы шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) қайтарады.

Орындау жүргізілмеген немесе орындау толық жүргізілмеген әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыны шығарған, хаттама жасаған органға (лауазымды адамға) қайтарылады.

20 ТАРАУ «ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ШАҒЫМДАНУ ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯ ТЕТІГІ»

20.1 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым жасау.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) және (немесе) шешімімен құқықтары мен бостандықтары тікелей қозғалатын адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың жасалуы, іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуы, сараптама тағайындау және оны жүргізу тәртібі бойынша заңның бұзылуына, өзге де әрекеттерге (әрекетсіздікке) және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудың нәтижелері бойынша және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым (наразылық) бойынша қабылданатын шешімдерді қоспағанда, шешімдердің қабылдануына жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және (немесе) сотқа шағыммен жүгінуге құқылы. Жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) алдын ала жүгіну сотқа шағым беру және соттың оны қарауға қабылдауы және мәні бойынша шешуі үшін міндетті шарт болып табылмайды.

Шағымдар әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым жасалатын органға (лауазымды адамға), сотқа беріледі, ол шағым келіп түскен күннен бастап үш тәулік ішінде оларды жоғары тұрған органға (лауазымды адамға), тиісті сотқа жіберуге міндетті.

Шағымдар, оларды қарауға уәкілеттік берілген жоғары тұрған органға (лауазымды адамға), сотқа тікелей берілуі мүмкін.

Шағымдар ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Ауызша шағымдар хаттамаға енгізіледі, оған арыз беруші және шағымды қабылдаған лауазымды адам қол қояды. Тиісті лауазымды адамдардың қабылдауында адамдар баяндаған ауызша шағымдар жазбаша түрде берілген шағымдармен жалпы негіздерде шешіледі. Шағымға қосымша материалдар қоса берілуі мүмкін.

Іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін адамға шағымды өзінің ана тілінде немесе өзі жетік білетін тілде беру құқығы қамтамасыз етіледі.

Шағым берген тұлға оны қайтарып алуға құқылы. Өзіне қатысты іс қозғалған тұлға, жәбірленуші, заңды өкілін қоспағанда, өзінің қорғаушысының, өкілінің шағымын қайтарып алуға құқылы. Өзіне қатысты іс қозғалған тұлғаның мүддесінде берілген шағым тек оның жазбаша келісімі арқылы ғана қайтарылуы мүмкін. Шағымды қайтарып алу оның қайта берілуіне кедергі келтірмейді.

Шағым беру шағым жасалып жатқан әрекеттің жүргізілуін және шағым жасалып жатқан шешімнің орындалуын тоқтата тұрмайды.

Әкімшілік іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын лауазымды адамның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды кері қайтарып алу туралы

жазбаша арыз берілген жағдайда, судья шағымды қайтару туралы ұйғарым шығарады.

Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот құрылмаса, олардың соттауына жататын істерді аудандық (қалалық) соттар қарауға құқылы.

Адам өз құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өзіне белгілі болған күннен бастап екі ай ішінде жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және (немесе) сотқа шағыммен жүгінуге құқылы.

Шағым беру мерзімін өткізіп алу шағымды қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алудың себептері шағымды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және шағымды қанағаттандырудан бас тарту негіздерінің бірі болып табылуы мүмкін.

Шағымды қарай отырып, судья немесе орган (лауазымды адам) онда жазылған дәлелдерді жан-жақты тексеруге, қажет болған кезде қосымша материалдарды талап етіп алдыруға, тиісті лауазымды адамдардан, жеке және заңды тұлғалардан шағым жасалып жатқан әрекеттерге (әрекетсіздікке) және шешімдерге қатысты түсіндірмелер алуға міндетті.

Шағым келіп түскен күннен бастап он тәулік ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау мерзімі қажет болған кезде он тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін. Тиісінше хабардар етілген (хабарланған) адамның келмеуі шағымды қарауға кедергі болмайды.

Шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулыға органның (лауазымды адамның) қаулысының көшірмесін алған кезден бастап он тәулік ішінде әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген сотқа шағым жасалуға жатады, оның шешіміне – жоғары тұрған сотқа, ал соттың қаулысына жоғары тұрған сотқа шағым жасалуы мүмкін, олардың шешімі шағым жасалуға, наразылық білдіруге жатпайды.

Шағымды қанағаттандыру туралы қаулыға әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген сотқа прокурордың апелляциялық өтінішхаты берілуі мүмкін, оның шешіміне – жоғары тұрған сотқа, ал сот қаулысына жоғары тұрған сотқа прокурордың апелляциялық өтінішхаты берілуі мүмкін.

Қаулы жеке адамға немесе заңды тұлғаның өкіліне дереу табыс етіледі, ал бұл адамдар болмаған жағдайда, қаулы шығарылған күннен бастап үш тәулік ішінде оларға жолданады.

Шағымды қарайтын орган (лауазымды адам) немесе судья өз өкілеттіктері шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың, сондай-ақ өзге тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерінің қалпына келтірілуіне дереу шаралар қолдануға міндетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық олар келіп түскен күннен бастап он тәулік ішінде қаралуға тиіс.

Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты қарауға кіріскенде:

1) шағымды, наразылықты кім қарайтынын, қандай шағым, наразылық қаралуға жататынын; шағымды, наразылықты кім бергенін жариялайды; шағымды, наразылықты қарау оның құзыретіне жата ма, соны анықтайды; егер шағымды, наразылықты қарау оның құзыретіне жатпайтын болса, оларды барлық іс материалдарымен бірге ведомстволық бағыныстылығы бойынша жібереді;

2) өзіне қатысты іс бойынша қаулы шығарылған, нұсқама ресімделген тұлғаның немесе оның өкілінің, сондай-ақ шағымды, наразылықты қарауға қатысу үшін шақырылған тұлғалардың келгеніне көз жеткізеді;

3) іс жүргізуге қатысушылардың және олардың заңды өкілдерінің өкілеттіктерін тексереді;

4) іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың келмеу себептерін анықтайды және олар келмеген кезде шағымды, наразылықты қарау туралы не шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

5) шағымды, наразылықты қарауға қатысатын тұлғаларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

6) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты, ал қажет болғанда істің өзге де материалдарын жария етеді;

7) мәлімделген қарсылықтар мен өтінішхаттарды шешеді, шағымды, наразылықты толық, жан-жақты және объективті қарау үшін қажетті өзге де мән-жайларды анықтайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты қарау кезінде істе бар және қосымша ұсынылған материалдар бойынша шығарылған қаулының, нұсқаманың заңдылығы мен негізділігі тексеріледі. Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) жаңа фактілерді анықтауға және жаңа дәлелдемелерді зерттеуге құқылы.

Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасалған ба, осы тұлға оны жасауға кінәлі ме, ол әкімшілік жауаптылыққа жата ма, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар бар ма, мүлктік залал келтірілген бе, соны анықтауға, ҚР ӘҚБтК-нің 741 және 742-баптарында көзделген мән-жайларды, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар басқа да мән-жайларды анықтауға міндетті.

Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) іс бойынша қосымша материалдарды талап етіп алдыруға, сараптаманың тағайындалуына

байланысты және шағымды, наразылықты толық, жан-жақты және объективті қарау үшін қажет болатын басқа жағдайларда шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыруға құқылы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардан өтінішхаттар келіп түскен не істің мән-жайларын қосымша анықтау қажеттігі болған жағдайда шағымды, наразылықты қарау мерзімін істі қарайтын жоғары тұрған орган (лауазымды адам) ұзартуы, бірақ он тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін. Орган (лауазымды адам) азаматтық, қылмыстық, әкімшілік сот ісін жүргізуде немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде қаралып жатқан басқа істі шешкенге дейін шағымды, наразылықты қарау мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіз болған салықтық және (немесе) кедендік тексерулер нәтижелеріне жоғары тұрған органға шағым жасалған жағдайда не мемлекеттік органға іс үшін маңызы бар мәселелер бойынша сұрау салу жіберілген кезде оларды қарау мерзімін тоқтата тұруға міндетті. Мерзімді тоқтата тұру не ұзарту бойынша шешім ұйғарым түрінде шығарылады.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық сотқа және жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) бір уақытта келіп түссе, онда жоғары тұрған органға берілген шағым, наразылық сотқа жіберілуге тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі, шағымды, наразылықты қарап, сот мынадай қаулылардың бірін шығарады:

- 1) әкімшілік жаза қолдану туралы;
- 2) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы;
- 3) қаулыны, нұсқаманы – өзгеріссіз, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы;
- 4) қаулыны өзгерту туралы;
- 5) қаулының, нұсқаманың күшін жою және істі тоқтату туралы;
- 6) қаулының, нұсқаманың күшін жою және іс бойынша жаңа қаулы шығару туралы.

Осы бапта көзделген қаулы заңды және негізді болуға тиіс.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза қолдану туралы мәселені шешу кезінде судья бір мезгілде кінәлі адамның мүліктік залалды өтеуі туралы мәселені шешсе, онда қаулыда өндіріп алуға жататын залал мөлшері, оны өтеу мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

Қаулыда ҚР ӘҚБтК-нің 822-бабында көзделген мәліметтер көрсетілуге, сондай-ақ мәселелер шешілуге тиіс.

Істі, шағымды, наразылықты қарау нәтижесінде жасалған әрекетке заңдық бағаның қате екенін мойындай отырып, сот құқық бұзушылықтың саралануын заңның онша қатаң емес әкімшілік жазаны көздейтін бабына өзгертуге міндетті.

Көлік құралының жүргізушісін жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберген кезде жол жүрісі қағидаларын білуін

тексеруге жіберу туралы қаулы шығарылады, оның көшірмесі емтихан тапсыруға жіберілген адамға беріледі.

Азаматтық және қызметтік қару иесін және (немесе) пайдаланушысын азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберу кезінде азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулы шығарылады, оның көшірмесі емтихан тапсыруға жіберілетін адамға беріледі.

Қаулыда ҚР ӘҚБтК-нің 54-бабының негіздерінде құқық бұзушының жүріс-тұрысына қойылатын ерекше талаптар белгіленуі мүмкін.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы:

1) ҚР ӘҚБтК-нің 741-бабында көзделген іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болған;

2) ҚР ӘҚБтК-нің 742-бабында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлар болған;

3) ҚР ӘҚБтК-нің 32-бабына сәйкес тұлғаны тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін іс материалдары тиісті органдарға берілетін жағдайларда шығарылады.

Істі, шағымды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша шығарылған қаулы жазбаша ресімделеді және оған осындай қаулыны шығарған судья қол қояды не осындай қаулыны шығарған судьяның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімделеді.

20.2 Жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша заңды күшіне енбеген қаулыларға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаларға шағым жасау, наразылық білдіру тәртібі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым жасау құқығы

ҚР ӘҚБтК-нің 744, 745, 746, 747, 748 және 753-баптарында көрсетілген тұлғалар жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға – шағым жасауы, ал прокурорлар наразылық білдіруі мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым жасау, наразылық білдіру тәртібі мен мерзімдері

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық іс бойынша қаулы шығарған, нұсқама ресімдеген органға (лауазымды адамға) жіберіледі, ол шағым, наразылық келіп түскен күннен бастап үш тәулік ішінде оларды істің барлық материалдарымен бірге тиісті жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) жіберуге міндетті.

Шағым, наразылық оларды қарауға уәкілетті жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) тікелей берілуі мүмкін.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық – қаулының көшірмесі табыс етілген күннен бастап он тәулік ішінде, ал ҚР ӘҚБтК-нің 744, 745, 746, 747, 748 және 753-баптарында көрсетілген тұлғалар істі қарауға қатыспаған жағдайда, қаулыны алған күннен бастап беріледі.

Айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық ҚР ӘҚБтК-нің 817-бабында көзделген мерзім өткен соң он тәулік ішінде берілуі мүмкін.

3. Салықтық тексеру нәтижелері бойынша анықталған, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген салықтық міндеттемені немесе Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға байланысты шығарылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық қаулының көшірмесі табыс етілген немесе алынған күннен бастап отыз тәулік ішінде берілуі мүмкін.

4. Шағымның, наразылықтың осы бапта белгіленген мерзімде берілуі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың орындалуын шағым, наразылық бойынша шешім шығарылғанға дейін тоқтата тұрады.

5. Жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) берілетін шағымда мәліметтер қамтылуға және ол ҚР ӘҚБтК-нің 833-бабында көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Егер келтірілген шағым ҚР ӘҚБтК-нің 833-бабы бірінші және екінші бөліктерінде көзделген талаптарға сәйкес келмесе, ол берілген деп есептеледі, бірақ толық ресімдеу үшін мерзімі көрсетіле отырып, қайтарылады. Егер көрсетілген мерзім ішінде шағым қайта жасалғаннан кейін органға (лауазымды адамға) ұсынылмаса, ол берілмеген деп есептеледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты қарау

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық олар келіп түскен күннен бастап он тәулік ішінде қаралуға тиіс.

2. Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты қарауға кіріскенде:

1) шағымды, наразылықты кім қарайтынын, қандай шағым, наразылық қаралуға жататынын; шағымды, наразылықты кім бергенін жариялайды; шағымды, наразылықты қарау оның құзыретіне жата ма, соны анықтайды; егер шағымды, наразылықты қарау оның құзыретіне жатпайтын болса, оларды барлық іс материалдарымен бірге ведомстволық бағыныстылығы бойынша жібереді; 2) өзіне қатысты іс бойынша қаулы шығарылған, нұсқама ресімделген тұлғаның немесе оның өкілінің, сондай-ақ шағымды,

наразылықты қарауға қатысу үшін шақырылған тұлғалардың келгеніне көз жеткізеді;

3) іс жүргізуге қатысушылардың және олардың заңды өкілдерінің өкілеттіктерін тексереді;

4) іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың келмеу себептерін анықтайды және олар келмеген кезде шағымды, наразылықты қарау туралы не шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

5) шағымды, наразылықты қарауға қатысатын тұлғаларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

6) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты, ал қажет болғанда істің өзге де материалдарын жария етеді;

7) мәлімделген қарсылықтар мен өтінішхаттарды шешеді, шағымды, наразылықты толық, жан-жақты және объективті қарау үшін қажетті өзге де мән-жайларды анықтайды.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты қарау кезінде істе бар және қосымша ұсынылған материалдар бойынша шығарылған қаулының, нұсқаманың заңдылығы мен негізділігі тексеріледі. Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) жаңа фактілерді анықтауға және жаңа дәлелдемелерді зерттеуге құқылы.

Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасалған ба, осы тұлға оны жасауға кінәлі ме, ол әкімшілік жауаптылыққа жата ма, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар бар ма, мүлктік залал келтірілген бе, соны анықтауға, ҚР ӘҚБтК-нің 741 және 742-баптарында көзделген мән-жайларды, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар басқа да мән-жайларды анықтауға міндетті.

4. Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) іс бойынша қосымша материалдарды талап етіп алдыруға, сараптаманың тағайындалуына байланысты және шағымды, наразылықты толық, жан-жақты және объективті қарау үшін қажет болатын басқа жағдайларда шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыруға құқылы.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардан өтінішхаттар келіп түскен не істің мән-жайларын қосымша анықтау қажеттігі болған жағдайда шағымды, наразылықты қарау мерзімін істі қарайтын жоғары тұрған орган (лауазымды адам) ұзартуы, бірақ он тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін. Орган (лауазымды адам) азаматтық, қылмыстық, әкімшілік сот ісін жүргізуде немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде қаралып жатқан басқа істі шешкенге дейін шағымды, наразылықты қарау мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіз болған салықтық және (немесе) кедендік тексерулер нәтижелеріне жоғары тұрған

органға шағым жасалған жағдайда не мемлекеттік органға іс үшін маңызы бар мәселелер бойынша сұрау салу жіберілген кезде оларды қарау мерзімін тоқтата тұруға міндетті. Мерзімді тоқтата тұру не ұзарту бойынша шешім ұйғарым түрінде шығарылады.

6. Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық сотқа және жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) бір уақытта келіп түссе, онда жоғары тұрған органға берілген шағым, наразылық сотқа жіберілуге тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық бойынша шешім және оны жария ету

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты қарап, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) мынадай шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) қаулыны, нұсқаманы өзгеріссіз, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы;

2) қаулыны өзгерту туралы;

3) қаулының, нұсқаманың күшін жою және істі тоқтату туралы;

4) қаулының, нұсқаманың күшін жою және іс бойынша жаңа қаулы шығару туралы.

2. Іс бойынша қаулыға, нұсқамаға шағым, наразылық бойынша шешім ол қабылданғаннан кейін дереу жария етіледі және ҚР ӘҚБтК-нің 822-бабына сәйкес жазбаша не электрондық құжат нысанында ресімделген шағым, наразылық бойынша қаулы түрінде шығарылады.

3. Іс бойынша қаулыға, нұсқамаға шағым, наразылық бойынша қаулы ол шығарылғаннан кейін үш тәулікке дейінгі мерзімде өзіне қатысты іс бойынша қаулы шығарылған, нұсқама ресімделген тұлғаға немесе оның өкіліне, шағым берген жағдайда жәбірленушіге, сондай-ақ наразылық келтірген прокурорға табыс етіледі немесе жолданады.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық бойынша жоғары тұрған органның (лауазымды адамның) қаулысына қаулы табыс етілген немесе алынған күннен бастап он тәулік ішінде ҚР ӘҚБтК-нің 44-1-тарауында көзделген тәртіппен сотқа шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының күшін жою немесе өзгерту не айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың күшін жою

Қаулының, нұсқаманың күшін жою және істі қысқарту туралы шешім ҚР ӘҚБтК-нің 741 және 742-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде, сондай-ақ қаулы шығаруға, нұсқама ресімдеуге негіз болған мән-жайлар дәлелденбеген кезде қабылданады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының күшін жою немесе өзгерту не айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың күшін жою

ҚР ӨҚБтК-нің 841, 842, 843, 844 және 845-баптарында көрсетілген негіздер бойынша да жүзеге асырылады.

21 ТАРАУ «ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ҰСЫНУЛАР ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ»

21.1 Құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар.

Құқық бұзушылықтардың себептерін оларды жасауға тікелей ықпал ететін факторлар ретінде анықтауға болады. Құқық бұзушылықтардың бірнеше себептері бар. Біріншіден, әлеуметтік себептер. Олар осыған дейін де құқық бұзушылықтардың негізгі себептері болып келді және бұдан кейін де солай болып қала береді, өйткені олардың басым көпшілігі мемлекеттік және әлеуметтік жүйенің жетілмегендігімен, әртүрлі әлеуметтік қайшылықтармен байланысты. Олар 14 жас шамасындағы жеткіншектердің оқумен, спортпен, қол жетімді ақылы жұмыспен және т.б. айналысуының мүмкін еместігі немесе тым қиын болуы салдарынан, олардың қылмыс (бұзақылық, дене жарақатын салу, зорлау және т.б.) сияқты қазіргі кезде кең таралған және аса қауіпті құқық бұзушылықтарға баруына себеп болады; ұрлық – қолайлы жұмыс таба алмау салдарынан; пара алу – жұмысшылардың көптеген санаттарының еңбекақысының төмен болуына байланысты және т.б.

Екіншіден, себептер экономикалық болуы мүмкін. Бұл себептер әлеуметтік мәселелермен тығыз байланысты және меншік, өндіріс және тұтыну, материалдық тауарларды бөлу қатынастарына негізделген. Аталған құқық бұзушылықтардың субъектілері: мемлекеттік кәсіпорындарды заңсыз жекешелендіру (олардың құнын төмендету); ұйымның кірістерді жасыруы (халықтың төлем қабілетінің нашарлығы салдарынан); орнын алу немесе меншігін «бөліске салу» мақсатында кәсіпорындардың басшыларын өлтіру және т.б.

Үшіншіден, себептер заң нормаларының жетілмегендігі, оларды азаматтар мен заңды тұлғалардың білгенінше, яғни өз бетінше түсінуі болуы мүмкін. Құқық бұзушылықтар – кейде саналы түрде – әртүрлі құқықтық актілер арасындағы қарама-қайшылықтарға, қабылдануы заң күші жоғары басқа актілерімен белгіленген актілердің болмауына байланысты жасалады.

Ең соңында, құқық бұзушылықтың психологиялық себептері. Кейбір адамдар жеке қасиеттері бойынша – агрессивті мінез-құлықты, өзімшіл, материалдық сұранысы негізсіз жоғары, немқұрайлылық – әртүрлі құқық бұзушылықтар жасауға, тіпті құқықтық нигилизмге, жалпы құқықты жоққа шығаруға бейім. Құқықтық нигилист олардың мазмұнына қарамастан кез келген заңдарға бағынудан бас тартуға тырысады. Құқықтық нигилизм азаматтардың артта қалушылығын, заңды білмейтіндігін көрсетеді; мансапқұмарлық, шенеуніктердің біліксіздігі және басқа да көптеген жаман қылықтар. Құқықтық нигилизм – әрқашан құқықты тәкаппар, өзін жоғары ұстап-сенбей қабылдауы, оны адами құндылықтар шкаласында екінші қатарлы нәрсе ретінде бағалау.

Себептерден айырмашылығы, құқық бұзушылық жағдайлары құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін және жеңілдететін факторлар болып табылады. Мүмкін, басты жағдай – мемлекет тарапынан құқық бұзушылардың жазаланбауы немесе оларға тым жұмсақ жаза тағайындау болар. Соның нәтижесінде, құқық бұзушылар мен құқық бұзушылық жасауға ниеттілер, оларды жауапқа тартылудан қорықпай жасайды. Құқық бұзушылықтың басқа жағдайларының қатарында бұқаралық ақпарат құралдарында зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің насихатталуын, қарудың қол жетімділігін, маскүнемдік пен нашақорлықты, патриотизмнің төмендігін және т.б. атауға болады.

Құқық бұзушылықтың себептері мен жағдайлары құқық бұзушылық жасалатын нақты өмірлік жағдайды бейнелейді. Мысалы, ұрлық жасамас бұрын субъект дабыл қаққыштың болуын немесе болмауын, көшелерді патрульдеуді, полицияның кадрлық құрамы мен техникалық жабдықтарын, жасырыну мүмкіндігін, ұрлап алған затын өткізу мүмкіндігін, жазаның ауырлығын және т.б. бағалайды.

21.2 Құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар туралы жекеше ұсынулар шығарудың негіздері мен тәртібі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шешімдер қабылдау процесінде ҚР ӘҚБтК-нің 826-бабының негізінде ішкі істер органдарының (полиция) лауазымды адамдары заңдылықты бұзу жағдайлары анықталған, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар белгіленген кезде жекеше ұсынулар шығаруға құқылы.

Жекеше ұсыну өздеріне қатысты жекеше ұсыну шығарылған ұйымдар басшыларының қарауына міндетті болып табылады, бірақ оған оны алған күннен бастап он тәулік ішінде жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) шағым жасалуы мүмкін. Өкінішке қарай, әкімшілік құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайлары туралы жекеше ұсынуға жоғары тұрған ішкі істер органына (лауазымды адамға) жүгінбестен дереу сотқа шағымдануға болмайды деген пікір қалыптасуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым жасау және дау айту тетігі ҚР ӘҚБтК-нің 44-тарауында көзделген. Бұл ретте әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын лауазымды адамның әрекеттеріне жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және (немесе) сотқа шағым жасауға рұқсат етіледі. Жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) алдын ала жүгіну сотқа шағым беру және оны соттың мәні бойынша қарауға және шешуге қабылдауы үшін міндетті шарт болып табылмайды. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350 Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабына сәйкес шағымды қарайтын орган шағымды қарай отырып, мына шешімдердің бірін шығарады:

- 1) әкімшілік актінің күшін жою туралы;

2) әкімшілік актінің күшін жою және жаңа әкімшілік актіні қабылдау туралы;

3) әкімшілік әрекетті жасау туралы;

4) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;

5) әкімшілік істі жол берілген бұзушылықтарды және оларды жою жөніндегі ұсыныстарды көрсете отырып жүзеге асыру үшін әкімшілік рәсімді әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға жіберу туралы;

6) шағымды қараусыз қалдыру туралы.

Жекеше ұсынуға сот шешімдерінің әрекеттеріне дау айту ҚР ӘҚБтК-нің 45-тарауының негізінде апелляциялық тәртіппен жүзеге асырылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларға ҚР ӘҚБтК-нің 851-бабы 5-бөлігінің негізінде кассациялық тәртіппен шағымдануға болады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларды кассациялық тәртіппен қайта қарауға:

1) қабылданған қаулыны орындау адамдардың өмірі, денсаулығы үшін не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр зардаптарға алып келуі мүмкін болатын;

2) қабылданған қаулы адамдардың белгісіз тобының құқықтары мен заңды мүдделерін немесе өзге де жария мүдделерді бұзатын;

3) қабылданған қаулы соттардың, уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) құқық нормаларын түсіндіруі мен қолдануында бірізділікті бұзатын жағдайлар негіздер болып табылады.

Лауазымды адамның жекеше ұсынуына шағымды қарау нәтижелері бойынша жоғары тұрған органның шығарған шешіміне оны алған күннен бастап он тәулік ішінде мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сотқа шағым жасалуы мүмкін, оның шешімі шағым жасауға жатпайды. Органның (лауазымды адамның) шешімі ұйғарым түрінде шығарылады (№ 1 қосымшаны қараңыз).

ҚР ӘҚБтК-нің 826-бабы мазмұнының мәні бойынша ҚР ӘҚБтК-нің 685-бабында санамаланған қызметкерлер жекеше ұсынулар жасай алатын лауазымды адамдар болып табылады. Яғни, бұл лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шешімдер қабылдауға, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың себептері мен жағдайлары туралы жекеше ұсынулар шығаруға құқығы бар. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және ішкі істер органдарының атынан әкімшілік жазалар қолдануға:

1) Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары және департаменттерінің бастықтары;

2) аумақтық ішкі істер органдарының бастықтары;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімшілік, көші-қон полициясы бөлімшелерінің, жергілікті полиция қызметінің бастықтары, олардың орынбасарлары;

4) ауданның (қаланың, қаладағы ауданның) полиция бөлімдерінің, бөлімшелерінің, әкімшілік, көші-қон полициясы бөлімшелерінің, жергілікті полиция қызметінің бастықтары және олардың орынбасарлары;

5) ішкі істер органдары желілік бөлімдерінің, бөлімшелерінің, полиция пункттерінің бастықтары және олардың орынбасарлары;

6) ішкі істер органдарының (полицияның) арнаулы атақтары бар қызметкерлері;

6-1) учаскелік полиция инспекторлары;

7) ішкі істер органдарының балық қорына қылмыстық қол сұғушылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған полиция бөлімшелерінің бастықтары және олардың орынбасарлары құқылы.

Мұндай қызметті жүзеге асырудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілері құрайды. Мысалы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 662 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті туралы ереженің 28-тармағына сәйкес әкімшілік полиция бөліністері өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсыныстар шығаруға және олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге құқылы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ішкі істер органдарының учаскелік полиция инспекторларының қоғамдық тәртіпті сақтаудағы және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін арттыру туралы» 1996 жылғы 24 желтоқсандағы № 1598 қаулысының 12-тармағының негізінде «учаскелік полиция инспекторы өзіне жүктелген міндеттер мен өзінің құзыреті шегінде: әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті нұсқамалар мен ұсыныстар әзірлеуге» міндетті.

ПО-ның барлық лауазымды адамдары үшін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңы құқықтық негіз болып табылады. Осы Заңның «Ішкі істер органдарының өкілеттіктері» деген 6-бабының 2-тармағында «Ішкі істер органдарының өз құзыреті шегінде: 6) жеке және заңды тұлғаларға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұйғарымдар, ұсынымдар енгізуге құқығы бар» делінген.

Яғни, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың себептері мен жағдайлары туралы жекеше ұсыну шығарған кезде құжаттың мазмұнында ҚР ӘҚБтК-нің 826-бабынан басқа, осындай құжатты жолдаудың өзге де құқықтық негіздерін көрсетуге болады.

Бірақ жекеше ұсынулардан басқа, полиция қызметкерлері нұсқама шығаруға құқылы. Полиция шығарған «ұйғарымдардың» «ұсынулардан» айырмашылығы – ұйғарымдар жеке және заңды тұлғаларға (құқық бұзушыларға) қатысты, ал ешқашан құқық бұзушылық субъектілері болып

табылмайтын лауазымды және заңды тұлғаларға қатысты ұсынулар жасалады.

Нұсқамаларды полиция ҚР ӘҚБтК негізінде айыппұл төлеу қажет болған (807, 893-896-баптар), құқық бұзушының тиісті мінез-құлқы (461-бап), жол жүрісі қауіпсіздігін сақтамау (605-бап) және т.б. жағдайларда шығарады.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдарға қылмыстық істер бойынша құқық бұзушылықтың жасалу себептері мен жағдайлары туралы ұсыну шығару құқығын беретінін бұрын атап өткен болатынбыз. Мәселен, ҚР ҚПК 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231 Заңының 200-бабының негізінде: «Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды анықтай отырып, тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе онда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға осы мән-жайларды немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолдану туралы ұсыну енгізуге құқылы.

Ұсынулар қолданылған шаралар туралы міндетті түрде хабардар етіле отырып бір ай мерзімде қаралуға тиіс». Осылайша, қылмыстық істер бойынша ұсынымдар, ал әкімшілік әділет саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жекеше ұсынулар шығарылады.

Полиция әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың себептері мен жағдайлары туралы олар әкімшілік жаза қолдану туралы шешім қабылдай алатын құқық бұзушылықтар бойынша ғана, атап айтқанда ҚР ӘҚБтК-нің 685-бабы бірінші бөлігінде санамаланған баптар бойынша ұсыныс шығара алады.

Ішкі істер органдары ҚР ӘҚБтК-нің 146, 147, 156, 190 (бірінші бөлігі), 192, 196, 197, 198, 204, 230 (екінші бөлігі) (көлік құралдарының иелері мен тасымалдаушылар автомобиль көлігінде және қалалық рельстік көлікте жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 334, 359, 364, 382 (бірінші бөлігі), 383 (бірінші және екінші бөліктері), 386, 395 (бірінші бөлігі), 396 (бірінші бөлігі), 408, 420, 421, 423 (бірінші бөлігі), 432, 433 (бірінші бөлігі), 437, 438 (бірінші және екінші бөліктері), 440 (бірінші, екінші және үшінші бөліктері), 441, 443 (бірінші бөлігі), 444 (екінші бөлігі), 447, 449 (бірінші бөлігі), 458, 464 (бірінші бөлігі), 469 (бірінші бөлігі), 470 (бірінші бөлігі), 484, 485 (бірінші бөлігі), 486, 487, 489 (бірінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктері), 492, 493, 494, 495 (бірінші бөлігі), 496 (1 және 3 бөліктері), 505, 510, 512 (бірінші бөлігі), 513 (бірінші бөлігі), 514 (бірінші бөлігі), 515, 517 (бірінші және үшінші бөлігі), 518, 519 (бірінші, үшінші, бесінші және алтыншы бөліктері), 559 (бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктері), 560, 562, 564 (төртінші бөлігі), 566, 572 (екінші бөлігі), 574, 590 (бірінші, екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы бөліктері), 591, 592, 593 (бірінші және сегізінші бөліктері), 594, 595,

596 (бірінші, екінші және төртінші бөліктері), 597, 598, 599, 600, 601, 602, 603 (бірінші бөлігі), 604 (бірінші бөлігі), 605 (бірінші, екінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктері), 606 (бірінші бөлігі), 607 (бірінші бөлігі), 609, 611 (бірінші бөлігі), 612, 613 (он екінші және он үшінші бөліктері), 614, 615 (бірінші, екінші және үшінші бөліктері), 617, 619, 620, 621 (бірінші, екінші, төртінші бөліктері), 622, 625 (автомобиль көлігіндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 626, 630, 631, 632, 635-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

Ұсыну мазмұны келесі міндетті элементтерден тұрады:

1) мекенжайы көрсетіле отырып, лауазымды адамның немесе заңды тұлға өкілінің тегі, аты-жөні;

2) құқық бұзушылықтың қысқаша фабуласы;

3) құқық бұзушылық жасауға себеп болған мән-жайлар;

4) құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою үшін жүргізілуі қажет тұжырымдар мен ұсынылатын шаралар;

5) ұйымдастырушылық және профилактикалық іс-шараларды өткізудің ұсынылатын мерзімдері;

6) ұсыныстың орындалу нәтижелерін жіберу қажет мекен-жай және тегі, аты-жөні;

7) лауазымды адамға немесе заңды тұлғаның өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың себептері мен жағдайлары туралы ұсынуды орындамағаны үшін заңдық жауаптылық туралы ескерту жасауға құқылы.

ҚР ӘҚБтК-нің 826-бабы 2-бөлігінде «Ұйымдардың басшылары және басқа да лауазымды адамдар жекеше қаулыны алған күннен бастап бір ай ішінде қарауға және қолданған шаралар туралы ұсыну енгізген органға (лауазымды адамға) хабарлауға міндетті» делінген.

Егер құқық бұзушылық субъектісі УПИ ұсынуын дәлелсіз себептермен елемейтін болса, онда оларға қатысты лауазымды адамдар ҚР ӘҚБтК-нің 804-бабы негізінде ҚР ӘҚБтК-нің 479-бабы бойынша «Құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы хабарламау» әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға тиіс.

Бұл құқық бұзушылықтың объективті жағы үш заңсыз әрекетсіздіктен көрінеді:

1) ұйым басшысының және басқа да тұлғалардың қабылданған шаралар туралы хабарламауы;

2) қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданбау;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданбау.

ҚР ӘҚБтК-нің 684-бабы негізінде ҚР ӘҚБтК-нің 479-бабы бойынша шешімді мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары қабылдайды. Яғни, полиция қызметкерлері ҚР ӘҚБтК-нің 479-бабын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға,

материал жинауға, ӘІБТ-ге тіркеуге және шешім қабылдау үшін сотқа жіберуге тиіс.

Көрсетілген бап бойынша әкімшілік материалға келесі құжаттар кіреді:

1) құжаттар тізімдемесі;

2) ҚР ӘҚБтК-нің 479-бабы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасы (№ 2 қосымша);

3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу тілі туралы қаулы (№ 5 қосымша);

4) ПО кезекші бөлімінде тіркелген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс қозғаған полиция қызметкерінің баянаты (№ 3 қосымша);

5) ӘҚБтК-нің 826-бабы тәртібінде әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар туралы ұсынымның көшірмесі (№ 5 қосымша);

6) нұсқаманың орындалмау мән-жайлары мен себептерін анықтай отырып, құқық бұзушыдан сұрау хаттамасы (№ 6 қосымша);

7) істі қараудың немесе жекелеген процестік әрекеттерді жасаудың уақыты мен орны туралы хабарлама (хабарлама) (№ 7 қосымша);

8) құқық бұзушының кінәсін дәлелдейтін өзге де құжаттар;

9) БДБ анықтамалары және жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

Осыған ұқсас материал ҚР ҚПК-нің 200-бабы тәртібімен шығарылған ПО тергеушісінің немесе анықтаушысының ұсынысына лауазымды адам немесе заңды тұлғаның басшылығы хабарламаған жағдайда да қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою үшін жасалады.

Сонымен, мынадай тізбек құрылуы тиіс: құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою үшін ұсынуды жолдау – жауап алмау – ҚР ӘҚБтК-нің 479-бабы бойынша әкімшілік материал.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі.
4. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қылмыстық іс жүргізу кодексі.
5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 477-II Орман кодексі.
6. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481-II Су кодексі.
7. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 275-V Кәсіпкерлік кодексі.
8. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 27 желтоқсан 1994 ж.
9. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 шілдедегі № 350-VI Әкімшілік рәсімдік кодексі
10. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-I Заңы.
11. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Қазақстан Республикасының Заңы.
12. «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысы.
13. «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Ерекше бөлімінің нормаларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 7 нормативтік қаулысы.
14. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы» Жоғарғы Соттың 9.04.2012 жылғы № 1 қаулысы.
15. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы.
16. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығы.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

1. Административное право. Учебник / Рябцев Л.М.
2. Краткий курс лекций по административному праву РК (общая часть). Уч.пособ / Мырзабаева Д.Р.
3. Дисциплинарное производство в органах внутренних дел: Монография / Золотарев И.И.
4. Прохождение государственной службы в ОВД отдельными категориями служащих. Метод.рекомендации / Занина Т.М.
5. Принятие мер обеспечения производства по делам об административных правонарушениях в деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан: теоретический и практический аспекты. Монография / Алимпиев А.А. Зейнулла А.К.
6. Административное право Республики Казахстан: учебное пособие в схемах и определениях / Смышляев А.С. Медведева А.Н.
7. Политико-административное управление: учебник для вузов / Комаровского В.С., Сморгунова Л.В.
8. Практикум по административной юрисдикции органов внутренних дел. Учебное пособие / Мукажанов А.Е. Каражан А.А.
9. Концептуальные особенности нового кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях. Учеб.пособ / Жетписбай Н.И, Маланьина Л.С, Сисенова Н.С.

КОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР

1. Практикум ситуационных задач по дисциплине административная деятельность органов внутренних дел Республики Казахстан / Жубатканов Р.М., Махмутов А.С., Избасов М.О.
2. Профессиональная деятельность местной полицейской службы. Практикум / Маланьина Л.С., Избасов М.О
3. Административная деятельность ОВД. Учебник / Костенникова М.В., Куракина А.В.
4. Пропедевтика ювеноальной криминологии: учебник для вузов с кейсами/ Клейберг Ю.А. Курманалиева Г.А.
5. Актуальные проблемы организации, управления и администрирования в ОВД: учебное пособие / Мухаметкалиев Н.Ж.
6. Практикум ситуационных задач по дисциплине административная деятельность органов внутренних дел Республики Казахстан / Жубатканов Р.М., Махмутов А.С., Избасов М.О.
7. Административная юрисдикция участкового инспектора полиции. Учебно-практ. пособ/ Кызылов М.А., Корнейчук С.В. и др.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТАСЫҒЫШТАР ЖӘНЕ ҒАЛАМТОР РЕСУРСТАРЫ

1. Административное право: Учебное пособие для среднего профессионального образования / Стахов А. И. , Кононов П. И. электронный // [сайт]. — URL: <https://urait.ru/bcode/451085>
2. Административное право / Учебник и практикум для / Стахов А.И. // [сайт]. — <https://urss.ru/cgi-bin/db.pl?lang=Ru&blang=ru&page=Book&id=286298>
3. Административное право: Учебное пособие для среднего профессионального образования / Макарейко Н. В. // [сайт]. — URL: <https://urait.ru/bcode/431725>
4. Административное право: Учебник / Осинцев Д. В. // [сайт]. — URL: <https://urait.ru/bcode/428519>
5. Административное право: учебник для среднего профессионального образования / Конин Н. М. ,Маторина Е. И. . // [сайт]. — URL: <https://urait.ru/bcode/444777>
6. Административное право: Учебник / Россинский Б.В., Стариков Ю. Н. [сайт].—<https://znanium.ru/catalog/document?id=333300>
7. Административное право: учебник и практикум для среднего профессионального образования / Н. Ф. Попова<https://urait.ru/book/administrativnoe-pravo-513057>

А.А. Алмагамбетова

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ
КӘЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

Оқу құралы

ҚР ІІМ М. Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институтының баспаханасында басылған
030011, Ақтөбе қ., 41 разъезд, курсанттық тас жол, 1